



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№52

(936)

23 желтоқсан

2022 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

САУАЛНАМА

ӨТКЕН ЖЫЛА ӨКПЕ ЖОҚ, КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП

Әне-міне дегенше ескі жылмен қоштасып, жаңа жылды қарсы алуға санаулы күндер қалды. Бұл жыл несімен ерекшеленді? Қандай сәттерімен жадыңызда сақталады? Ал келер жылдан не күтесіз?

Jas qazaq осы сауалдарды бірнеше сала өкілдеріне жолдады.

(Жалғасы 3-бетте)

JAS QAZAQ ЖАЗЫП ЕДІ...

СУ БӨГЕТІ САЛЫНАДЫ

Биыл *Jas qazaq* газетінің «Ауыл әкіміне үш сұрақ» жобасы іске қосылды. Тұрғындарды мазалаған мәселелердің қалай шешілетіні жөнінде Алматы облысы Кеген ауданы Ұзынбұлақ ауылының әкімі Олжас Тақабаев өз жауабын берген еді (2022 жылғы ақпан, № 6). Әкімге қойылған үш сұрақтың біреуі су және суару мәселесіне қатысты болды (зейнеткер Күмісбала Жусанбекованың сауалы). Өз жауабында әкім ауылдағы тоспа мәселесінің күн тәртібінде екенін, қаражат бөлінсе, жаңа су бөгеті салынатынын айтқан.

(Жалғасы 4-бетте)



РУХАНИЯТ

ОЛ – БІЗДІҢ ҮЛКЕН ДОСЫМЫЗ

– Біздің қазақ ауыз әдебиетінде ақындық, философиялық, психологиялық бейнелер көп. Мұндай бейнелер басқа халықта жоқ деп айтуға аузым бармайды, бірақ бізде өте мол. Еркектің намысы, әйелдің намысы дегенді дастандарымыз айта білген. Мысалы, «Қыз Жібекті» алыңыз, – деп үзінділер айтып бердім.

– Бауыржан, бұлар рас па? Мүмкін сен ойдан шығарып отырған шығарсың?

– Рас. Қайта мен нашар аудармашымын, әлі де жеткізіп айта алмай отырмын.

– Это здорово! Меніңше, мұндай байлық ешкімде жоқ, – дегенге дейін барды.



(Бұл туралы 7-беттен оқи аласыз)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ұлтты жою үшін, жұтылып кетуі үшін тілін кессең жетіп жатыр. Өйткені ұлттың жаны – тіл. Туған тілді сақтау туралы күнде айтсаң да артық емес. Біз қазақ тілі төңірегіндегі қордалы мәселелерді тағы бір қозғап, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Нұрсәуле Рсалиевамен сұхбаттастық.



Нұрсәуле РСАЛИЕВА:

АУДАРМА ТІЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК, АЛ БІЗДЕ ТІЛГЕ ҚАРСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Jas qazaq: Өзіңіз тіл маманы болғандықтан, сұхбатымыздың бағыты да осы сала төңірегінде өрбімек. Мәселен, әріпті енді таныған балаға, яғни бірінші сыныптан бастап бір тіл емес, үш тілді оқыту қаншалықты дұрыс кадам болды?

Н.Рсалиева: Балаға өз ана тілімен қоса, өзге тілдерді бастауды дұрыс емес деп санап, бастауыш сыныптарда шет тілін мүлде қоспайтын мемлекеттер бар. Алайда шет тілін балаға неғұрлым ерте үйреткеннің пайдалы жақтарын көрсететін зерттеулер де баршылық. Біздің геосаяси жағдайымыз үш тілділікке мәжбүрлеп отыр. Орыс, неміс, француз, ағылшындарда мұндай саясат жоқ. Себебі оған мәжбүрлік те жоқ. Мәселен, АҚШ конституциясында мемлекеттік тіл, ресми тіл деген нәрселер жазылмаған, бір ғана ағылшын тілімен өмір сүреді, ағылшын тілі барлық оқу орындарында міндетті пән ретінде оқытылады, емтихан тапсыру міндеттеледі. Ал басқа испан, француз, қытай т.б. шетел тілдері әр штатта әр түрлі оқытылады. Ағылшын мектептерінде де француз, неміс, испан тілдері оқытылады. Бірақ мемлекет тарапынан білгілі бір шет тілін оқыту міндеттелмейді.

Jas qazaq: Биылғы оқу жылынан бастап елімізде 1-сынып оқушыларына шет тілі, оның ішінде ағылшын тілі оқытылмайтын болды. Мұндай шешім көпшіліктің қызу қолдауын тапты. Бұған қатысты сіздің пікіріңіз қандай?

Н.Рсалиева: Бала өз ана тілінің әліпбиін енді үйренетін кезде басқа тілдің 1-сыныптан алып тасталғаны дұрыс шешім болды деп есептеймін. Алайда тілдерді бір-бірінен мынау қазақша, мынау орысша, мынау ағылшынша деген сияқты айыра білген уақытынан бастап, балаға шет тілін оқытуға болады. Өйткені баланың миы тынық, жақсы қабылдайды. Шет тілін үйренудің пайдалы жағы өте көп. Ең бастысы, адамның ойлау қабілетін жақсартады. Алла адамға жақсы қабілет берген ғой, зерттеулерде бір мезетте 4 тілді қатар оқып, меңгеруге болады деген қорытынды жасалған. Ол рас екен, менің әлі жасы 8-ге толмаған балам қазақша, орысшаны оқып, жазды, ағылшыншаны үйретсем, қабылдап жатыр, оған қоса, арабша оқуды арнайы үйретпей-ақ, менімен жағаласып үйреніп келеді. Тақтаға жазып қойып, оқығанымның пайдасы тиіп жатыр.

Jas qazaq: Ал латын әліпбиіне көшу уақыт талабы ма, біз бұл кадамда қандай жетістікке жетеміз?

Н.Рсалиева: Уақыт талабы өз алдына. Ешкім өзіне қиындықты қаламайды. Бәрінің жеңіл болғанын қалайды. Кім реформа жасай алады, жасайды. Кім жасай алмайды, қиындық көріп жүре береді, ия болмаса, ұрпағы бір күні өз тілін тастап, қиындықтан қашып құтылады. Сол себепті ешкімге тәуелді емес, кез келген егемен мемлекет әліпбиіне реформа жасағысы келеді. Тіпті ағылшындар да, Қытай да реформа жасағысы келеді, жасай алмай отыр.

Ал уақыт талабына келсек, неге біз көшпей жатып, көшенін бәрі латын жазуы болып кетті? Әлемнің жетекші тілдері латын жазуында отырған соң, жастар бұл жазуды озық мәдениеттің жазуы ретінде көреді. Орыс тілінің өзі латын жазуының араласуынан құтыла алмай отыр. Егер болашақта латын жазуына көшу мүмкіндігі туып жатса, тіліміздің ішкі-сыртқы әлеуеті елеуір көтеріліп, бірқатар он өзгерістерге қол жеткізе аламыз. Латын жазуы бізді үш әлеммен біріктіреді. Біріншіден, қазақты қазаққа қосады. Сыртта жүрген 5 миллион қазақ өз Отанының хабар-ошарын алып отырумен ғана шектеліп қоймайды.

(Жалғасы 5-бетте)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
82,58

DOLLAR
466

EURO
495

РУБЛЬ
6,15

ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға мемлекеттік сапармен барды. Екі күндік сапар аясында Өзбекстан Президентімен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізіліп, бірқатар келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы Ташкент қаласындағы Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты. «Янги Узбекистон» саябағында орналасқан монумент былтыр осы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай орнатылған. Ескерткіште өзбек халқының тарихындағы ең

мән беремін. Біз тату көршілікке және сенімді серіктестікке негізделген қарым-қатынасты жана деңгейге көтеріміз деп сенемін. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық неғұрлым тығыз және табысты болса, Орталық Азиядағы ахуал соғұрлым тұрақты болады», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентінің Жолдауымен танысқанын және бұл маңызды құжат Өзбекстанның одан әрі табысты дамуына жол ашатынын жеткізді.

Шавкат Мирзиёев өз кезегінде Қазақстан Президентін сайлаудағы жеңісімен құттықтап, Өзбекстанға мемлекеттік сапармен келу туралы шақыруын қабыл алғаны үшін ризашылығын білдірді. Өзбекстан Президентінің айтуынша, Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл сапары екі ел қарым-қатынастарының дамуына тын серпін

фармацевтика, ауыл шаруашылығы, құрылыс, транзит әлеуеті және көлік логистикасы салаларындағы кооперацияны дамытуға баса мән берді. Сондай-ақ білім беру және мәдени-гуманитарлық салаларда өзара іс-әрекет мәселесі де талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елдеріміз бүгінде мемлекетаралық серіктестікке үлгі болатындай берік әрі үйлесімді қарым-қатынас орнатқанын атап өтті.

«Одақтастық қарым-қатынас туралы шартқа қол қою біздің мемлекетаралық байланыстарымыздың жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Егер біз шартты тарихи маңызы бар құжат деп атайтын болсақ, бұл асыра айтқандық емес деп ойлаймын. Бұл аса маңызды құжат біз үшін жана мүмкіндіктерге жол ашады және екі елдің өзара ынтымақтастықты нығайтуға деген ортақ ұмтылысын білдіреді. Бұдан бөлек, бүгін Қазақстан мен Өзбекстанның

Әлеумет.т⁰

АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ БЕРІК БАЙЛАМ

Бұл жетіде Астанада өткен Орталық Азия Медиа Форумы, сөз жоқ, ғаламдық медиа кеңістіктегі аса маңызды оқиғаға айналды. Ғаламдық дейтініміз, ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұйымдастырған басқосуға өңірдегі БАҚ өкілдері, сарапшылар ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінен келген журналистер, медиа-менеджерлер, саясаткерлер, бейбітшілік елшілері, өнер қайраткерлері қатысты.

Тұңғыш Медиа Форумның Қазақ елінде өтуінің өз мәні бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көршілес әрі бауырлас елдер арасындағы медиа кеңістіктегі ынтымақтастықтың өркен жаюына да ерекше көңіл бөліп келеді. Қ. Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Шолпан Ата қаласындағы кездесуінде біздің елдеріміз туралы хабар тарататын ортақ телеарна не сайт ашуды ұсынған болатын. Қазақстан Президенті Форумға қатысушыларға арналған құттықтауын жолдады. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин алқалы жиынның ашылу рәсімінде осы құттықтау хатты оқыды. «Біз жаһандану дәуірінде өңірлік ақпараттық кеңістіктен шектеліп қалмауымыз керек. Бірлескен медиаөнімдер жасап, ортақ құндылықтарды халықаралық деңгейде дәріптеу аса маңызды. Сол арқылы Орталық Азия елдерінің жасампаз идеялары мен жарқын істерін жер жүзіне танытамыз. Бүгінгі алқалы жиын мазмұнды әрі мағыналы өтіп, елдеріміздің сан-салалы байланыстарын нығайта түсетін дәстүрлі басқосуға айналады деп сенемін» делінген Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауында.

Мемлекеттік кеңесші Е. Карин Медиа Форум жайлы өз пікірін білдірді. Ол қазір Орталық Азияның өзіндік маңызы бар аймаққа айналғанын айта келе, бұл өңірлік бірегейлікті танытуға, ортақ мәдени кеңістік қалыптастыруға деген ұмтылыстың жемісі екенін атап өтті.

Бүгінгі медиа — бүкіл қауымға ортақ құбылыс. Форумның мән-маңызына тоқталып, мәртебелі меймандарды көпшілікке таныстырған министр Дархан Қыдырәлі бұған айрықша тоқталды. Айталық, жиында «БАҚ — халықтың дауысы. Осылайша, біз адамдардың ұмтылысын көрсететін реформаға шақыра аламыз» деп пайымды пікірін ортаға тастаған Түркияның 11-президенті Абдулла Гүл фотожурналистикаға әуес. Пост-модерн дәуірінде саяси партияларға, ғылымға, ірі компанияларға, медиаға деген сенімнің азайып бара жатқанына назар аударған Монғолияның 3-ші президенті — бұқаралық ақпарат құралдарында шындалған қайраткер тұлға. Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Сүйінбек Қасмамбетов ақпарат кеңістігінде жүріп жатқан үрдістерді жақсы біледі екен. Ол аймақтағы экономика, экология және түрлі апатты мәселелерді БАҚ арқылы ашық айтуымыз қажет деді.

Осы орайда Өзбекстан президенті жанындағы стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының директоры Елдор Әриповтың пікірі көпшіліктің көкейінен шықты. Сарапшы: «Біз ғасырлар бойы қатар өмір сүрдік. Бірақ, өкінішке қарай, бір-бірімізді жете түсінбей келеміз. Мұны еңсеру үшін, ең алдымен, шынайы ақпаратты көбірек таратып, қызығушылық таныту қажет. Біздің қазақстандық достарымыз ұсынған бұл идея өзінің осынау үлкен миссиясын орындай алады», — деді. Күллі әлемге танымал әнші Димаши Құдайбергенов бейбітшілік пен тату тіршілікті қорғау жөнінде жүрекжарды лебізін жеткізді. Бұл да алғашқы Медиа Форумның шырайын келтіріп, мәртебесін биіктетті.

Екі күн бойы бүгінгі медианың болмысы мен түйткілдері талқыға түскен жиында пайымды да парасатты пікір тыңдалдық. Ұтымды ұсыныс, берік байламнан хабарлар болды. Толағай ой түйдік. Тұңғыш Орталық Азия Медиа Форумы өзінің миссиясын орындап, мақсат-мұратына жетті. Ақпарат кеңістігіндегі серіктестігіміз ұзағынан сүйіндіргей!

Срайыл
СМАЙЫЛ



Аптаның алаңы

Аманғали БЕРДАЛИН, Мәжіліс депутаты:

«Биыл 1 желтоқсандағы жағдай бойынша өкімдіктердің ақпаратына сәйкес, бөлінген 185 млрд теңгенің 153 млрд теңгесі игерілді. 127 ауылды орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жоспарланса, іс жүзінде 97 ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету күтілуде. 30 ауылда жоспар орындамауы мүмкін. Бүгінгі күнге дейін іздестіру-барлау жұмыстары орталықтандырылған сумен жабдықтау құрылысы жоспарланған 37 ауылда жүргізілмеген.

Іздестіру-барлау жұмыстары орта есеппен екі жылға жуық жүргізілетінін, сондай-ақ осы өңірлер бойынша құрылыстың нормативтік мерзімін ескерсек, 2025 жылы сумен жабдықтау қызметтерінен 100 пайыз қол жеткізілмейді деген қауіп бар. Құрылысы жоспарланатын отырған 164 ауылда жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді 2023 жылдың соңына дейін аяқтау қажет. Қазіргі уақытта 62 ауыл бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатса, 102 ауыл бойынша аталған жұмыстар басталмаған».



маңызды оқиғалар мен белгілі мемлекет қайраткерлерінің, қолбасшылары мен ғалымдарының бейнелері кескінделген.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапарының барысында осы елдің Президенті Шавкат Мирзиёевпен бірге Төле би кесенесіне зиярат етті. Төле би жерленген бұл кесене XV ғасырдың бірінші жартысында салынған.

Сапардың екінші күнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты халықаралық конгресс орталығында ресми қарсы алу рәсімі өтіп, мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті қонақжайлық көрсетіп қарсы алған Шавкат Мирзиёевке ризашылығын білдіріп, мемлекеттік сапардың маңыздылығын атап өтті.

«Біз Өзбекстанмен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Қазақ пен өзбек — ежелден достығы мызғымас, сыйластығы жарасқан бауырлас халықтар. Екі елдің салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі, діні ұқсас. Тарихы тамырлас, тағдырлас елдеріміздің мақсат-мұраты да ортақ. Сондықтан мен бүгінгі сапарға айрықша

беріп, қол қойылатын құжаттар нақты іс-әрекеттерге берік негіз болады.

Президенттер саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларды кеңейтуге көңіл бөліп, қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігінің ауқымды мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, екі ел — Орталық Азиядағы ең ірі сауда серіктестер. Биыл сауда айналымы 35 пайызға өсіп, 5 миллиард долларға жуықтады. Мұндай көрсеткішке өнеркәсіп, машина жасау, логистика, көлік, энергетика және басқа да салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізілгеніне назар аударылды.

Сондай-ақ тараптар жаһандық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Президенттер сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, соның ішінде өзара тауар айналымын ұлғайтуға, инвестиция тартуға, өнеркәсіп,

мемлекеттік шекараларын демаркациялау туралы шартқа қол қойылады. Бұл тарихи келісім Қазақстанның оңтүстігіндегі мемлекеттік шекарасын халықаралық-құқықтық тұрғыда рәсімдеу ісін толығымен аяқтайды», — деді Президент.

Мемлекет басшысы одақтастық қарым-қатынасты нығайту жолындағы бірлескен іс-әрекеттер бүкіл Орталық Азияның орнықты дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге елеулі үлес қосатынын атап өтті.

Сонымен қатар келіссөз барысында президенттер екіжақты ынтымақтастықтың саяси тұғырнамасын бекемдей түсетін Жоғары мемлекетаралық кеңес пен Парламентаралық кеңес құру жөнінде уағдаласты.

Қасым-Жомарт Тоқаев тараптар түрлі халықаралық құрылымдар мен механизмдер аясында табысты жұмыс жүргізіп келе жатқанын айтты. Өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша Қазақстан мен Өзбекстанның ұстанымдары ортақ, көзқарастары ұқсас.

Өз кезегінде Шавкат Мирзиёев шағын құрамдағы келіссөздің нәтижелі болғанын атап өтіп, тауар айналымының ұлғайғанына және бірлескен жобалардың сәтті жүзеге асырылып жатқанына тоқталды.

«Сіздің мемлекеттік сапарыңыз біздің ғасырлар бойы қалыптасқан достық, тату көршілік және өзара қолдау сипатындағы байланыстарымыздың қаншалық берік екенін тағы нақтылай түседі. Біздің халықтарымыздың тарихы мен тағдыры бір-бірімен біте қайнасқан. Елдеріміздің тарихи тамыры ортақ әрі біз өзекті мәселелерді бірлесе шешеміз», — деді Өзбекстан Президенті.

Сондай-ақ тараптар мәдени-гуманитарлық байланыстардың дамуына оң баға берді. Екі ел халқының ортақ рухани-мәдени құндылықтарын байыта түскен Қазақстан мен Өзбекстанның мәдениет күндері табысты өтті. Сондай-ақ елдеріміздің білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселесі де қарастырылды.

Аптаның айтысы

Мәди АХМЕТОВ, Мәжіліс депутаты:

«Бізде 3G-ға жетпейтін ауылдар бар. Сондықтан алдымен 3G және 4G-ге қосуды аяқтап, содан кейін 5G туралы ойланған дұрыс шығар? Инфрақұрылым жүргізу үшін уақыт керек. Өткен жылы да осындай баяндама жасалып, дәл осы слайдтар көрсетілген. Сіз бір жылдың ішінде атқарылған жұмысты айтасыз. Бірақ біз интернетке ауылдардың қосылмағанын көріп, жұрттың шағымын естіп отырмыз. Тіпті қаладағы кейбір тұрғын үй кешенінде интернет жоқ. Халықаралық стандартқа сай болу үшін, рейтинг қуаламай, интернетпен қамтамасыз ету керек емес пе?».



Бағдат МУСИН, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі:

«Егер біз артта қалсақ, сіздер «5G қайда, неге бізде қандай да бір технология жоқ» деп сұрайсыздар. Ауыл, аудан орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларға келсек, біз оларға 4G енгіземіз. 5G енгізу үшін біз облыс орталықтарындағы, ең алдымен республикалық маңызы бар қалалардағы операторларға талап қоямыз. Егер оператор 5G жиілігі аукционына қатысқысы келмесе, оны мәжбүрлей алмаймыз. Біз тек мүмкіндік ұсынамыз. Оператор аукционға қатыспаса, онда сапалы 4G-мен қамтамасыз етеді».



Қанат МУСИН, әділет министрі:

«Қазіргі таңда «Байтақ» партиясы тіркелді. Содан кейін Respublica партиясы тіркелді. Ресми түрде екі партия тіркелді. Басқа партиялармен жұмыс істеу жалғасуда. Олар өлі бірінші сатыдан өтпей жатыр. Себептері бұрынғыдай, тапсырған құжаттары заңға сәйкес келмейді».

Әділет министрлігінің баспасөз қызметі:

«2022 жылғы 24 қарашада Respublica партиясының ұйымдастыру комитетіне Respublica саяси партиясын құру ниеті туралы хабарламаны алғаны туралы растау берілді. 3 желтоқсанда Respublica саяси партиясын құру жөніндегі ұйымдастыру комитеті партияның құрылтай съезін өткізді. Қазір министрлік саяси партияны тіркеу жөніндегі ұйымдастыру комитетінен құжаттардың түсуін күтуде. Әділет министрлігі ақпараттың бұрмаланғанына өкінеді және парламенттің куәгерлерінде айтылған пресс-релизді жеткіліксіз пысықтағаны үшін кешірім сұрайды».

(Басы 1-бетте)



Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері:

ЕЛІМІЗДІҢ ІШІ ДАУДАН, СЫРТЫ ЖАУДАН АМАН БОЛСЫН!

Қазақта «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деген сөз бар. Өтіп бара жатқан жыл қазақ елі үшін қасіретпен басталды. Ата-бабаларымыз аттын жалында, түйенін қомында жүріп, етігімен су кешіп, тоқымын төсеніп, ерін жастанып жерді қорғады, ұрпағына мирас етті. Бодандықтың бұғауынан босап, дербес ел атанғанымызға 30 жыл толғанда тәуелсіздігіміз шайқала жаздады. Елдің ішіндегі тыныштыққа көз алартушылардың, іріткі салып ыдыратуға ұмтылғандардың зымиян әрекеті жүзеге асқан жоқ. Ескі жылдағы жазылмас жара деп қантар қасіретін айтар едім. Өткен жолғы сұхбатымда да айтқан болатынымын, бұл оқиға өзі көптен бері әккілікпен әзірленген, бірнеше жылдан бері қарай дайындалған опасыздардың арандату ісі. Өкініштісі, сол дүрмекке ілесіп қаншама жастарымыз қыршынынан қиылды. Қоғамдық тәртіпті бақылап, тыныштықты күзетуге шыққан

қаншама жастарымыз жарақат алды, ажал құшты. Жүрегің қан жылайды. Біз сөзге тоқтаған, ашуды ақылға жеңдіре алатын халық едік. Өзіміздің дүниемізді өзіміз тонап, бүлдіріп, қиратып, өртеп жібердік. Шығынның орнын әлі де бүгіндей алмай келеміз. Қантар кезінде отқа оранған ғимараттарға жөндеу жұмыстары әлі де жүргізіліп жатыр. Осының бәрін сырттан біреу келіп ұйымдастырған жоқ. Ел ішінде тыныштыққа іріткі салып, айрандай ұйыған елдің ынтымағын ыдыратуға ниетті арам пиғылдылардың кесірі. Қантар оқиғасы көп жайттың бетін ашып берді.

Барыс жылы еліміз үшін ауыртпашылығын аз артқан жоқ. Өрттен кейін өрт шалып, орманымыз отқа оранды, Қостанай облысында тұтас ауылдың үйлерін жалмады. Мұның бәрі де сынақ шығар. Шүкіршілік, егемен елде тұрып жатырмыз. Еңсе тіктейтін, етек-жеңімізді жинайтын кез келді. Өкпе-реніш, қиындық, кедергінің бәрі де өткен жылда қалсын деп тілеймін.

Келер жылдан не күтеміз? Ең әуелі Алладан тыныштық сұраймын. Еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын. «Жаңа Қазақстан» бір күнде орнамайды, оған ел болып жұмыла күш қосқанда жүзеге асады. Жүйе жүйеленіп, бір реттік президенттік сайлауда жеңіске жетіп, жеті жылға Мемлекет басшысы болып сайланған Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған тапсырмалары жүзеге асады деп сенемін. Биылғы жағымды жаңалықтардың бірі — Премьер-Министр Әлихан Смайылов айтқан қазақ тілін білмейтіндерге азаматтық құжаттың берілмейтіндігі. Осы енді жүзеге асады деп сенемін, ерекше күтемін. Өйткені қазақ тілі — менің тілім, мемлекетті құраушы ұлттың тілі. Қазақстан дейтін ел бар болса, сол елдің ұстыны, айбын, айбары ол — қазақ тілі. Қазақ тілі өзінің тұғырына нық қонғанда, іргесін нығайтқанда ғана тілдің айналасындағы мәселелер толықтай шешіледі. Өзінің мемлекеттік тілін мемлекеттік мекемелерде қолданылмаса, өрісі де, тынысы да тарылса, қалай өркендейді? Президенттік сайлауға өзін ұсынған кандидаттар сынақ кезінде мемлекеттік тілден емтихан тапсырады. Міне, мұндай емтиханды министрден бастап, әкімдер, басқа да лауазымды қызметтің құлағын ұстаған шенеуніктер түгел тапсыруы керек. Қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің аясы сонда ғана кеніді, дамиды.

Қазақ даласына қоныс аударғанымызға сексен жылға таяды. Жер аударылып келген қамкөңіл адамдарға қазақтар құшағын ашып қарсы алып, бүтін нанын бөліп, жартысын жарып берді. Өзі аш болса да, көңілінің көлдігін, пейілінің дарқандығын көрсетті. Жаратқан еліміздің тыныштығын сақтасын, ел іргесі бүтін болсын, әлеуметтік теңсіздіктер, қордаланған мәселелер түйіні онтайлы шешіледі деп сенемін. Сөз басында айтқанымадай, «Жаңа Қазақстанға» қарай қадам басамыз деп сенемін, келер жылдан соны үміт етемін.

Нұрдәулет АҚЫШ, *Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері, жазушы:*

ЕСКІ ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ

Көз алдымызда қолын бұлғап өтіп бара жатқан әр жылдың өзіндік ерекшелігі болады. Осы шығармашылық ғұмырымда талай қызықты кезеңдерді, өзгеріске толы жылдарды, я болмаса, ештеңе өзгермей, беймарал ғана жылжып өткен жылдарды кейде есіме алып та қоямын. Салыстырып қарағанда, 2022 жылдың өзіндік түйткілді тұстары да, қуанышты сәттері де аз болған жоқ. Жазушы ретінде өз басымды қуантқаны ескі жылда мемлекеттік деңгейде балалар жылы деп жарияланып, соған орай балалар әдебиетіне де кен жол ашылды. Анықтамаға қарап, тексерген кезімде көзім жеткені — екі-үш жыл бұрын балалар әдебиетіне қалам сілтеп, үлес қосып жүрген акын-жазушылардың саны 70-тен сәл ғана асқан екен. Балаларға деген шығармаларды жазу мүмкіндігі артып, өрісі кеніген уақытта есептеп қарасам, бүгінгі таңда әдебиеттің осы өрісі — балалар әдебиетіне сүбелі үлес қосып, туындыларын жазып жүрген акын-жазушылардың қатары 200-ден асып түсіпті. Соған қуандым. Бұлардың бірсыпырасы — Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке өте қоймаған кейінгі буын өкілдері. Сонымен бірге ересектерге арнап жазып келе жатса да, егде тартқан шақтарында бүлдіршіндер әлеміне қайта оралып, өздерінің қалам қуатын балалар әдебиетіне қарай бұрып, әлеуетін сынап көруге ұмтылған акын-жазушылар да жоқ емес. Демек мемлекеттік деңгейдегі балалар әдебиетіне, балаларға деген ниет-ықыластың күшеюі қаламгерлер қауымына үлкен серпіліс әкелгенін нақ осы жағдайдан бағамдаймыз.

Мемлекеттік бағдарламамен бірсыпыра кітаптар шықты. Олардың басым бөлігі сапалы туындылар екенін әртүрлі ақпарат көздерінен оқып, біліп, естіп жатамыз. «Айбоз» әдеби сыйлығының жариялануы, оның ішінде балалар әдебиеті аталымы бойынша да қаламгерлердің марапатталып, құрметке бөленуі де қуанышты жағдай болды. Әрине, бәйге болған соң көмбеден барлығының да көрініп оза шабуы қиын. Бірақ бәйге бұйырмаған шығармалардың ішінде де тәуір дүние бар деп санаймыз. Мұндай шығармаларға жүлденің тимеуінің де түрлі себептері де болуы мүмкін. Талапқа сай келмеуі, көлемі жағынан тура келмеуі де мүмкін. Мұны не үшін айтып

отырмын? Бәйгеге, мұшайраға, конкурса жолданған шығармалардың бәйге алмағанының бәрі іске алғысыз деуге келмейді. Олардың да арасынан сұрыптап, сүбелі туындыны таңуға болады.

Ескі жылдағы тағы бір игілікті бастама деп, «Балалардың кітапханаларда кітап оқу жылы» деген атаумен өткен акциясын айтуға болады. Еліміздің әр өңірінде осынау шара тұрақты түрде өтті. Алыс ауылдардағы кітапханаларда да балаларды кітап оқуға ынталандыру ісі жақсы деңгейде өтті.

Өткен жылға өкпем жоқ. 2021 жылдың жоспары бойынша шығуы тиіс «Ыбырай Алтынсарин алауы» романымын бірінші кітабы осы жылы жарық көрді. Соған шүкіршілік деймін. Екінші кітабы жарыққа шыққан соң қос томдықтың тұсаукесері өтеді деп ойлаймын. Екіншіден, 2021 жылы жаңа салым бастаған «Қазақ балалар әдебиетінің тарихы» оқулығын да жазып аяқтадым. Қазақ балалар әдебиетінің бастау-бұлағы қай кезеннен басталатынын, даму үдерісі қалай жүргенін, өзіндік соқпағы қалай қалыптасқанын оқырман осы оқулықтан табады деп ойлаймын.

Келер жылдан не күтеміз? «Балалар жылы», «балалар әдебиеті» деген ұғымды бір жылмен ғана шектеп, қантарып қоюға болмайды. Біздің болашағымыз балаларымыз десек, балаларға арналған шығармаларға қолдау жасау өткен жылмен шектелгені жарамайды. Бала оқырманды дана оқырман қатарына қосуға айрықша үлес қосатын шығармалардың жазылуын, кітап болып басылып, жарыққа шығып, таратылуын тиімділікпен жүзеге асырған абзал дер едім. Бұған ауылдық, аудандық, облыстық әкімдіктер, басқа да атқарушы орындардың басшылары көңіл бөліп, балалар кітабының өрісін кеңейтуге көңіл бөлгені жөн. Келер жылы Ыбырай Алтынсарин туралы дилогиямның екінші кітабын аяқтасам деймін. Келер жылы қазақ әдебиеті оның ішінде балалар әдебиетінің

өрісі де арнасын кеңейтіп, орасан олжалы болады деп сенемін. Ескі жылға өкпе артпай шығарып салып, жаңа жылдан табыс пен жемісті жеңіс күтемін.

Бауыржан ТАХАУОВ,
паравoleyболдан ұлттық құраманың бас бапкері:



ЕЛДІҢ ІРГЕСІ БҮТІН БОЛСЫН, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТҰҒЫРЫНАН ТАЙМАСЫН!

Биылғы жыл біздің еліміз үшін де, халқымыз үшін де сынағын аз берген жоқ, қайырымы мол игілікті істерді де көрдік. Ең бастысы, елдің іргесі бүтін болса екен, тәуелсіздігіміз тұғырынан таймаса деп тілеймін.

Өзіміз спорт саласының маманы болғандықтан да осы бағыттағы жоспарлы істеріміз жүзеге асты. Паравoleyболдан әлем бойынша 70 команда бар. Міне, біздің жігіттер осы жетпіс құраманың ортасында өзінің беделін қалыптастырып, алдыңғы лектен көрініп жүр. Осы жылы әлем чемпионаты өтті. Сол додаға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарына бардық. Қазақстан чемпионаты өтіп, Атырау облысының командасы кезекті жеңіске қол жеткізді. Осы команданың спортшылары ұлттық құраманың негізгі құрамын жасактайды. Он екі жыл қатарынан ел чемпионы болды. Наурыз айында Голландияда халықаралық турнирге қатысып, әлемнің таңдаулы құрамаларымен тартысқа түсіп, күміс жүлдегер атандық. Одан кейін Босния мен Герцеговина елінде өткен халықаралық турнирдің чемпионы атандық. Одан кейін әлем чемпионатына қатысып, «А» тобында дүниежүзінің үздік 16 командасымен тартысқа түсіп, 7-орынға тұрақтадық. Биылғы жыл қанжығамыз осындай долларларда майланды.

Келер жылы Қытай елінде Азия ойындары өтеді. Негізгі биылғы жылы ұйымдастырылуы керек еді, пандемияға байланысты бір жылға шегерді. Тағы бір жағымды хабар, келер жылы отырып ойнайтын волейболдан (*паравoleyбол*) Азия чемпионаты Қазақстанда өтеді. Тәуелсіз елімізде тұңғыш рет паравoleyболдан Азия біріншілігі өтеді. Бұған дейін біз құрлық додасын өткізбедік. Алдағы жылы осындай долларларда спортшыларымызға сәттілік тілеймін.

Тұрдықұл ШАҢБАЙ,
Семейдегі «Жидебай-Берлі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры:

БІЗГЕ АРТЫЛҒАН СЕНІМ – КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ БОЛУ

«Жас қазақ газеті» қашанда әдебиетке, мәдениетке, рухани дүниеге терең бойлап отырады. Әлеуметтік мәселелер де күн тәртібінен түскен емес. Алдағы уақытта газет осы бағытынан таймайды деп үміттенеміз.

Биылғы жыл несімен есімізде қалды? Биыл ауқымы кең, ауыз толтырып айтатын жаңалығымыз көп. Ең бастысы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен біздің тарихи музейге ұлттық мәртебе берілуі мүмкін. Құжаттардың барлығын дайындап, тиісті органдарға өткізіп қойдық. Біздің облыс үшін бұл үлкен жетістік. Атап өтетін оқиға — классик жазушы Мұхтар Әуезовтің мерейтойын өткіздік. Облыста Абай музейінің 10 экспозициясы бар. Семей қаласынан басқа Бөрліде, Жидебайда, Тақырда, Күндыздыда, Мақаншы ауданында музейлер бар. Одан бөлек, Қарауыл ауылында жаңа музей ашылды. Биыл ұйымдастырылған мәдени шаралардың барлығын биылғы жылдың еншісіндегі үлкен жетістіктер деп атап өткім келеді.

Алдағы жылдан не күтеміз? Әрине, жақсылық күтеміз. Алдымызда ойшыл ғалым Шәкәрімнің мерейтойы келе жатыр. Соған дайындықты бастаймыз. Сонымен қатар музейлердің сандық форматын дамыту бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылады. Бүгінде біз республикалық музейлердің арасында алдыңғы қатарға кіреміз. Үлкен-үлкен ғылыми жобаларға қатысып, өз үлесімізді қосамыз. Дәл осы сәтте

мен Өзбекстандағы «Абай мұрасын насихаттау» жобасына қатысып жатырмын. Бұл шара Өзбекстан президенті Шавхат Мирзияевтің қолдауымен ұйымдастырылды. Тек Ташкентте ғана емес, Өзбекстанның барлық қалаларында Абайға арналған мәдени шаралар өтіп жатыр. Өзбек халқы Абай мұрасы мен шығармашылығын ерекше ықыласпен қабылдады. Еліміз мәдени жетістіктерімен де қуанып келеді. Алаш қайраткерлеріне арналған деректі фильмдер мен телехикаялар түсірілді. Қазіргі ұрпақ өз тарихын, мәдениетін біліп өсуі керек. Ол үшін насихатты тоқтатпауымыз керек. Келер жылдан үміт көп, бізге артылған сенім — кейінгі ұрпаққа үлгі болу. Осы жолда өз міндетімді атқара бермекпін».

Аида ҚОЖМАМБЕТОВА, журналист:

ЖАҢА РЕФОРМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР

«2022 жыл еліміз үшін ауыр сынақпен басталды. Қантар оқиғасында қыршын кеткен боздақтарға жүрегіміз ауырды. Бірақ біздің әулет, туыс-туғандардан ешкім зарлап шекпеген соң бастапқыда үстірт қарадым. Мамыр, маусым айларында дәл осы қантар оқиғасына байланысты жұмыс тобында болдым. Қаза тапқандардың тізімін жасағанда, жиырмаға енді толған жастардың өмірі қыршынынан қиылғанын көрдім. Бұл қантардың қандай ызғарлы болғанын сездім. Біз оқиғада зардап шеккен жандардың отбасымен сұхбаттастық. Жанынынан айрылған жаңға ешқандай жұбату айта алмайсың. Биылғы жыл мен үшін осындай ауыр сезіммен басталды. Журналист болғаннан кейін жан-жақты ізденеміз. Біздің



еліміздегі ғана емес, өзге мемлекеттердегі жағдай да мені алаңдатады.

Биылғы жылы есімізде ерекше сақталған оқиғалар: Қостанай өңіріндегі өрт, референдум, Президент сайлауы, қақаған суықта Екібастұздың жылусыз қалғаны және қымбатшылық. Алдағы жеті жылға зор үмітпен Президентімізді сайладық. Бірқатар жаңа реформалар да болып жатыр. Мені қуантатыны — халық бір-біріне қол ұшын беруге дайын. Еліміздің қай жерінде болмасын, қиын кезде барлығы бірігіп, көмекке келеді. Бірақ біздің жоғарыда отырған сенімді өкілдеріміз де халықтың игілігі үшін жұмыс істеуі керек. Өлбетте, жаңа жылда барлығы әл-сәтте өзгеріс қоймайтыны белгілі. Бірақ, әйтеуір, жақсылық күтеміз.

Қанат СЕРІҚҰЛЫ, *Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының неонатолог дәрігері:*

ЕЛІМІЗДІ ДАМУДА ЖАСТАРЫМЫЗ АЯНЫП ҚАЛМАЙДЫ



Дәрігер атын аркалап жүру оңай емес. Біздің мамандығымыздың жауапкершілігі өте зор. Биылғы жыл несімен есімде қалды деген сауалға жауап бермес бұрын, өзім туралы қысқаша айтып өткенді жөн көрдім.

Мен 1989 жылы Қызылорда өңірінде дүниеге келдім. Ата-анам екеуі де дәрігер. Кішкентайымнан ата-анамның қасында жүріп, емханада балалық шағым өтті десе де болады. Демалыс күндері ата-анам ақ халаты мен қалпақтарын тап-таза етіп жуып, қарахмалдап, үтіктейтін. Маған бұл ерекше әсер етсе керек, кішкентайымнан дәрігер болуды армандадым. Орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медицина университетіне жалпы дәрігер ісі мамандығы бойынша оқуға түстім. Әрі қарай неонатология саласы бойынша резидентураны бітірдім. Алғашқы жұмысым жедел жәрдем көрсету бригадасында басталды. Қазіргі таңда Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында неонатолог болып жұмыс істеймін. Осы салада жұмыс істеуіме ықпал еткен ұстаздарым Константин Хаиров, Мөлдір Қалабаева, Азамат Оразалинов, Қариман Ахтаров сынды білікті мамандарға алғысым шексіз.

Мен жұмысымның ерекше тұсын айтып өткім келеді. Біз тіпті анасын көрмеген жаңадан дүниеге келген сәбиге ота жасаймыз. Анасының денсаулығын алдын ала бақылау барысында, тексеруден өткен сынақтарына қарай отаға алдын ала дайындаламыз. Қазір Қазақстанда медицина қарқынды дамып келеді. Біз кейбір елдерден әлдеқайда көш алдындамыз. Бізде нақты жұмыс сағаты да жоқ. Тәуліктің қай кезінде болса да шұғыл отаға шақырып алуы мүмкін. 2021 жылы Киев қаласында мамандығымға орай ғылыми тәжірибеден өттім. Биыл осы шетелден алған тәжірибемді пайдаланып, білгенімді одан әрі жетілдіре түстім.

Биылғы жыл несімен есімде қалды? Медицина саласында еліміздің жетістігі жоғары. Бұл сала даму әрі іздену үстінде. Биыл біздің ғылыми орталықтың 90 жылдығы болды. Республика көлемінде көптеген консилиумдар ұйымдастырылды. Ғимараттағы жан сақтау бөлімі толық жөндеуден өтіп, еуростандартқа сай жасалды. Ата-анам дәрігер, жолдасым да медицина саласының маманы. Төртеуіміз бір дастарханда бас қосқанда тек медицина жайында, оның болашағы жайында әңгіме айтамыз. Бұл маған үлкен күш пен зор сенімділік береді. Келер жылдан тек жақсылық күтемін. Президентіміз жастарға үлкен сенім артып, қолдау білдіруде. Жас мамандарға барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Алдағы уақытта мемлекетіміздің дамуы үшін жастарымыз аянып қалмайды. Оған өзіміз де үлес қосатын боламыз.

Бетгі дайындаған
Қуаныш НҮРДАНБЕК,
Макпал НОҒАЙБАЕВА

АЭС: ЕРТЕҢГІ КҮННІҢ ЭНЕРГИЯСЫ

Соңғы кезде Қазақстанның энергетика жүйесін жаңарту, энергетикалық әлеуетімізді талдау, болашақта жаңа қуат көздерін алатын технологияларды зерделеу және АЭС салу мәселесі күн өткен сайын қоғамның ашық талқылауына шығып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Түптеп келгенде, біз бұл мәселеге қатысты нақты шешімге келеміз», деген болатын.

Бұған дейін ел Президенті XVII өңір-аралық ынтымақтастық форумында «Мен 2060 жылға қарай көміртегі бойынша бейтараптыққа жетуді мақсат етіп қойдым. Біздің елдің халқы мен экономикасы өсіп келеді, ал ол үшін энергияның маңызы зор. Көмір өндіру дәуірінің біртіндеп құлдырауымен, сенімді негізгі энергия өндіру көздері туралы ойлануға мәжбүр боламыз. 2030 жылға қарай Қазақстанда электр энергиясының тапшылығы туындайды. Әлемдік тәжірибе ең оңтайлы жолды ұсынады. Бұл – бейбіт атом. Иә, онай шаруа



Қауіпсіздік жүйесінің барлық компонентіне деген көзқарас, соның ішінде реакторларды қайта құру және жетілдіру жөніндегі әлемдік тәжірибеде бұрын-соңды болмаған шаралар қаралды. Жұмыс істеп тұрған АЭС-те ядролық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде көптеген жұмыс атқарылды. Яғни апаттан кейін техникалық және ұйымдастырушылық

санын өз мұқтаждықтарына жұмсалатын энергия шығыны 3-5 МВт-қа өседі. Сауалдама деректері бойынша, Қазақстан халқының 60%-ы АЭС құрылысына қарсы, ал 40%-ы қолдайтынын көрсетеді.

Жалпы, техникалық білімі жоқ адамға АЭС қауіпсіздігінің барлық мәселесін түсіндіру өте қиын. Кейде адамдарда эмоциялары



JAS QAZAQ
газеті мен

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП»

ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
біріккен жобасы



Атом саласында кадрлар даярлауды көздейтін меморандумдар Жапонияның Экономика, сауда және өнеркәсіп министрлігімен (2014 жыл), Беларусь Республикасының Энергетика министрлігімен (2018 жыл) және Ресей Федерациясының «Росатом» атом энергиясы жөніндегі мемлекеттік корпорациясымен жасалған болатын. Осы меморандумдар шеңберінде тараптар бірлескен білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру, бакалавриат, магистратура, аспирантура бағдарламалары бойынша білім алушылармен және оқытушылармен алмасу, оқу және ғылыми әдебиетті әзірлеу, қысқа мерзімді тағылымдамалар мен семинарларды ұйымдастыруды қоса алғанда, атом саласы үшін кадрлар даярлау саласында ынтымақтастықты жүзеге асыруға ниет білдіреді.

АЭС-тің болашақта Балқаш маңынан салынатыны ашық айтылды. Жалпы, 1990

АЭС ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

емес. Сондықтан осы мәселені ұтымды шеше білуіміз керек, сан алуан болжам мен эмоцияға жол бермейік», деген еді.

Сонымен қатар осы ұстанымды 2021 жылы Шығыс экономикалық форумында сойлеген сөзінде де нақтылады. Ал биыл 9 маусым күні шетел инвесторларымен кездесуінде мәселені ашық айтты. Тіпті оның қай жерде салынатыны туралы да шешімдер қабылданғанын жеткізді. Әрине, Мемлекет басшысы бұл мәселені жайдан-жай көтеріп отырған жоқ. Бар мәселе тапшылық дегеннен басталады. Өйткені Дүниежүзілік банктен бастап көптеген ірі қаржы орталығы көмірмен жұмыс істейтін стансаларды қаржыландыруды тоқтатып жатыр. Оған қоса, 2021 жылдан бастап көміртен бөлінетін қалдықтар үшін салық пен айыппұл көлемі де артты.

Ал елімізде қуат өндірудің 74%-ы көмір стансаларымен байланысты. Елдегі бүкіл

шешімдер жедел қабылданды, ал 1987-1991 жылдар аралығында қауіпсіздік жүйесін күшейту ісі жүргізілді. Теориялық тұрғыдан апаттың болуын толығымен жоққа шығаруға болмайды. Әр жаңару мен технологияның жетілуі өткен қателіктердің тәжірибесін ескереді. 1990 жылдардың соңында атом энергетикасы дамудың жаңа сатысына қайта түсті.

Ғасырлар тоғысында дәстүрлі көмір электр энергиясы адамзат, қоршаған орта үшін қаншалықты зиянды екенін бәрі түсінді. Энергияның жаңартылған балама көздері — күн мен желден энергия алу қазіргі уақытта тұрақсыз және өте қомақты қаржыны талап етіп отыр. Онымен қоса, көмірге тәуелділікті азайту керек, өйткені мұны әлемдік экологиялық күн тәртібі талап етеді.

Геосаяси жағдай да құбылып тұр. АЭС-ті қай мемлекеттің технологиясымен салуға болады. Елімізге бұл бағытта технологиялар нарығында жұмыс істейтін жетекші компаниялардың техникалық-экономикалық ұсыныстары түсуде. Бұлар: KHNP (Оңтүстік Корея), EDF (Франция), Росатом (Ресей), NuScale Power (АҚШ), CNNC (Қытай), General Electric — Hitachi (АҚШ пен Жапонияның бірлескен жобасы). Қарастырылып отырған реакторлар 3 немесе 3+ буыны анықтамасына сәйкес келеді. Бұл жоғары қауіпсіздік пен оң экономикалық көрсеткіштерді білдіреді. Қазіргі жетілдірілген технологиялар тәуекелдерді азайтуға кепілдік береді. Ресейлік реакторлар — ВВЭР-1200, сол буындағы 3+ корей KHNP1400, француз EPR1200 және Қытай HPR-1000 реакторлары ұсынылады. Шағын және орта қуаттылықтағы тағы бірнеше реактор — АҚШ-тың General Electric — Hitachi және NuScale жана модульдік реакторлары қазір қарқынды түрде пысықталып, коммерциаландыруға әзірленіп жатқан жобалар.

Жобаның құны, құрылыс қанша жылды қамтиды деген сауал да өзекті. Қоғамдық талқылаудан өтіп, белгілі бір шешімдер қабылданса құжат дайындау процедураларымен қоса 10 жыл мерзімді қамтуы ықтимал. АЭС-тің өзі шамамен 6 жыл бойы салынады, алайда ұзақ дайындық кезеңін талап етеді.

Егер 2023 жылы Қазақстан Үкіметі АЭС салу жөнінде шешім қабылдап, технологияларды жеткізуді инвесторды аяқындала жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі (ТЭН) жасалады, ол сараптамадан өтеді, қажетті есептеулер жасалады — инженерия, экология, шығындар, экономикалық параметрлер және т.б. Содан кейін ТЭН Үкіметтің қарауына шығарылады және заңнамаға сәйкес Үкімет АЭС салу туралы шешім қабылдауы керек. Егер рұқсат алынса, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу шаралары басталады және одан әрі АЭС құрылысы басталады. Алдын ала есептеулер бойынша, Қазақстанға реактордың құны (2-2,8 мың МВт) 10-12 млрд долларға дейін құрайды. Барлық ұсынылған жобаның техникалық сипаттамаларына сәйкес АЭС пайдалану мерзімін 60 жылдан 100 жылға дейін ұзарту мүмкіндігі қарастырылады. Жалпы, АЭС құрылысын несие беру арқылы немесе коммерциялық есеппен бүкіл мүмкін болатын оқиналарды есептегенде, бір реакторда 10 000 000 жыл ішінде бір-ақ ауыр апат болуы мүмкін делінеді. Бұл ретте, статистикалық ықтималдық туралы айтатын болсақ, АЭС-тің авиациялық ұшақтардан қауіпсіздігі 100 есе жоғары. Су туралы болжамдар әлі жоқ, егер ол жеткіліксіз болса, онда нәлдік су шығыны бар құрғақ градирия технологиясын қолдану қажет болады. Бірақ бұл ретте стан-



толқып, нақты фактілерді естімей қалуы мүмкін. Радиофобия Семей полигонымен және АЭС — Чернобыль, Фукусима-1 және Three Mile Island аварияларымен байланысты. Бұл қандай да бір жағымсыз үрей мен «хайп» тудырады. Қарапайым адамдарға нақты қауіптердің бар-жоғын, онымен қалай жұмыс істейтінін, не ескерілетінін және төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қандай шаралар қабылданып жатқанын егжей-тегжейлі және нақты түсіндіру керек.

Мамандар мәселесіне келсек, әлемдік тәжірибеге сәйкес қуаты 2 мың МВт АЭС-ті пайдалану кезеңінде жоғары және орта-арнайы білімі бар 2 мыңға жуық адамнан тұратын персонал талап етіледі. Ескере кететін бір жайт, ядролық мамандықтар бойынша білімі бар станса жұмыскерлері АЭС-тің жалпы өнеркәсіптік-өндірістік персоналының 20%-ын ғана құрайды. Бұл үшін атом энергетикасын дамытудың болашақ жеке мемлекеттік бағдарламасы аясында кадрлар даярлау жоспары әзірленіп қабылданады, оның негізінде мамандардың қажетті санын даярлау ұйымдастырылады. Арнайы дайындық бағдарламалары: реактордың қандай да бір моделін тандап, құрылысты бастағанда, сонымен қатар операциялық персоналды даярлауда жүзеге асырылады. Бұл стансаның техникалық сипаттамасына және құрылыс бағдарламасына кіреді, өйткені кадрлар реакторды басқару жүйесі үшін дайындалады. Мысалы, маманның атом энергетикасы бойынша базалық білімі бола тұра, оның реакторда жұмыс істеуі біліктілік деңгейі жетпеген жағдайда, ол маманға дайындық курстары жүргізіледі. Қазақстанның атом саласында жұмыс істейтін адамдардың жалпы саны — 20 мыңнан астам адам, оның ішінде 15 мыңы негізгі өндірістік персонал. Атом саласында білікті кадрларды даярлау барысында 2010 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезең аралығында, Қазақстанның жоғары оқу орындары 2 193 бакалавр, 909 магистр және 135 доктор дайындаған болатын. «Болашақ» бағдарламасы аясында «Атом өнеркәсібі», «Атом ядросы және бөлшектер физикасы», «Техникалық физика» (атом электр стансалары мен қондырғылары) және «Ядролық инженерия» мамандықтары бойынша 21 бакалавр, 12 магистр және 1 маман даярланды. «Біріккен ядролық зерттеулер институты» халықаралық ұйымымен (Дубна қаласы, Мәскеу облысы) ынтымақтастық шеңберінде «Ядролық физика» және «Химия» мамандықтары бойынша 134 бакалавр және магистр білім алды. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК базасында жыл сайын 120-дан астам студент үшін практика ұйымдастырылады. Сондай-ақ базада радиациялық қауіпсіздік саласындағы мамандарды оқыту жүргізілетін оқу-ақпараттық орталық бар.

жылдары Балқаш көлінің маңында атом электр стансасын (АЭС) салу бойынша техникалық-экономикалық негіздеме дайындалған. Барлық қажетті жұмыстар, қоршаған ортаға әсерін талдау және бағалау жүргізілді, сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар өткізілді. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 60-ө өкімімен Қазақстанда АЭС салу жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Мемлекет қатысатын мамандандырылған акционерлік қоғам құру, сондай-ақ Құрчатов қаласында (Абай облысы) және Үлкен кентінде (Алматы облысының Жамбыл ауданы) АЭС салу бойынша техникалық тапсырмаларды дайындау көзделді. 2018 жылы осы екі аумақ бойынша атом энергетикалық объектісін салу үшін аудандардың жарамдылығын талдау бойынша жұмыстар жүргізілді. Үлкен кенті мен Құрчатов қаласының қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде табиғи, антропогендік және радиациялық әсер ету жағдайлары зерттелді. Екі нұсқа да бірдей, бірақ Үлкен кентінің біркатар артықшылығы бар: дайын алаң, қазаншұңқыр, су жинау, кірме жолдар және т.б. Сондықтан осы жер тандалды. Дәл сол жерде базалық қуатты орналастыру кезінде солтүстік-оңтүстік бағытындағы электр энергиясының транзиті де тұрақтандырылады. Оны Орталық Қазақстанға, Қарағандыға және оңтүстік өңірлерге қайта бөлу мүмкіндігі пайда болады. Көміртексті бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі мақсаттарға сүйене отырып және осы жерде газ инфрақұрылымының болмауын ескере отырып, АЭС салу неғұрлым оңтайлы шешім болады.

Қалай дегенде, электр энергиясы — бүгінгі өмірдегі басты қажеттілік. Бүкіл әлем осы энергияның нәтижесінде жұмыс істейді. Адамзат сұранысына қажетті энергияның басым бөлігін қазір мұнай мен көмірден алып жатырмыз. Бұл табиғи шикізат көздерінің қоры 60-70 жылда сарқылады деген болжам бар. Болашақта адамзаттың электр энергиясына деген жоғары сұранысын қанағаттандыру атом электр стансаларына келіп тіреледі. Бұл экономикалық өсімді және жаңа жұмыс орындарының пайда болуын қамтамасыз етеді. Машина, металлургия, аспап жасау және басқа да аралас салаларды дамытады. 60 жылдан астам уақыт бойы ел тұтынушыларын сенімді энергиямен жабдықтады. Оның аумағында инфрақұрылым дамида. Аталған нысан жол, теміржолдар, мектептер, ауруханалар, тұрғын үйлер және т.б. салуға ықпал етеді.

Ендеше, кімде-кім атом электр стансасын ертерек салып, ядролық технологияны жетік білетін мамандар тәрбиелейтін болса, сол елдің жұлдызы жоғары, табысы толайым болмақ.



қалдықтардың 40 пайыздан астамын ауаға шығаратын көмір стансалары солтүстіктегі ірі қалаларда орналасқан. Сондай-ақ олар көп жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан стансалар. Тозығы да жеткен және заманауи талаптарды қанағаттандыра алмайды.

Қазір елімізде шамамен 19 мың МВт электр қуатын 204 станса өндіріп жатыр екен. Бірақ сарапшылар 2027 жылға дейін электр энергиясын тұтыну көлемі орташа есеппен жылына 2,4 пайызға артады деп болжап отыр. Демек, көп ұзамай электр энергиясы жетіспеушілігі пайда болуы ықтимал. Ал 5 жылда 5 мың МВт үлес қосқан жел және күн электр стансалары тәуелдіктің кейбір сәттерінде энергияның жетіспейтін орындарын ғана толтыра алады. Мысалы, өзінің органикалық отыны жоқ Франция, Белгия, Швеция, Жапония, Оңтүстік Корея, Финляндияда атом стансаларының электр энергиясын өндіруші негізгі көзге айналып, энергетикалық тұрақтылық пен табысты экономикалық дамуы қамтамасыз етіп отырғаны рас.

Ақиқатын айту маңызды, біздің қоғам атом энергетикасын қабылдауға әлі де дайын емес. АЭС-ке байланысты қоғамда қалыптасқан үрей бар. Бұл негізсіз де емес. Алайда сарапшылар азаматтық энергетика тұрғысынан қарағанда бүгінгі технологияда үлкен тәуекелдер жоқ екенін айтып жүр. Әлбетте, Чернобыль оқиғасы дүниені дүр сілкіндірді. 36 жыл өтсе де халқымыз «бейбіт атом» немесе атом энергиясы туралы айтқанда, алдымен, Чернобыльдегі апатты еске алады. Сол апаттан соң едәуір атом жобалары тоқтатылып, атом саласының дамуы айтарлықтай баяулады. Ал аталған апаттың салдары зерделенді.



бір ірі тұлғаның бар екенін танытып берді. 5 қазан күні Францияда ЮНЕСКО-ның бас кеңесінде «Ахмет Байтұрсынұлы және ренессанстық өркениет» деп аталатын конференция өтті. Тіл білімі институтынан бір топ ғалым барды. Институтымыздың бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА академигі Зейнеп Базарбаева «Ахмет



Ал мәселенің басқа бүге-шүгесіне қатысты сұрақтар маған емес, «Ұлттық аударма бюросына» қойылуы керек деп ойлаймын. Ал мен бұл сөздікке соңынан қосылған редактормын. Менен өзге алты редактор бар. Сөздік А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сараптамасына берілген. Сол сәттен бастап қана бізге бұл сөздіктің жұмысына араласу мүмкіндігі туды. **Jas qazaq:** Әр жұмыстың қиындығы да, қызығы болады

АУДАРМА ТІЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ КЕРЕК ЕДІ, АЛ БІЗДІҢ АУДАРМАЛАРЫМЫЗ ТІЛІМІЗГЕ ҚАРСЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР. ТІЛДІ БҰЗЫП ЖАТҚАН ДА ОСЫ АУДАРМАЛАР. БІР КҮНІ БІР ШЕТЕЛДІК ҚАЗАҚТАРДЫҢ АҒЫЛШЫНША ЖАЗҒАН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІН АЛЫП ЗЕРТТЕП, БЕТІМІЗГЕ БАСПАС ПА ЕКЕН ДЕГЕН ОЙ КЕЛЕДІ.

ғой, бұл сөздікті түзудің қиындығы мен қызығын да айта отырсаңыз.

Н.Рсалиева: Сұрағыңыз орынды. Қазақта «Төбелеске сонынан қосылған кімді ұрарын білмейді» дейтін мақал бар ғой. Мен де сол, қай жерінен ұстарымды білмей қалған сияқтымын. Кез келген алғашқы тәжірибеде кезігетін қиындықтар болды, бірінші шығарылымы болған соң, әлі көп жағынан өз көзімізге көрініп тұрған жетілдірілуі керек тұстары бар. Алдағы шығарылымдарда, бұйырса, реттеле жатар.

«Оксфорд сөздігін» түзудің қызықты да жақтары болды. Асық ойнау, ұршық иіру деген тіркестерді өзіміздің этнографизмдер ретінде қарап, сөздіктегі белгісімен айшықтап беріп отырсақ, ең қызығы, тап осы асық ойнау, ұршық иіру бізден де басқа көп ұлттардың тұрмыс-салтында кездеседі екен. Ағылшын тілінде youtube-тан америкалық әйелдің «Ұршық иіруді үйренеміз» деген сабағын көріп таң қалдым, дәлме-дәл біздің әжелеріміздің иіруіндей, тіпті айырмашылығы жоқ, «жіп үзіліп кетсе, былай жалғайсың» деп бәрін көрсетіп отыр.

Jas qazaq: Бір мәселенің жайын өзіңізден сұрамаған болмас. Осыдан бірнеше жыл бұрын І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының орысша, ағылшынша аудармаларында қазақы қалыбы, түпнұсқадағы көркемдігі сақтамаған, қатты бұрмаланған деп сын айттыңыз. Бұл мәселенің бүгінгі калай болып тұр?

Н.Рсалиева: Трилогияның аудармалары баяғы жартас, сол жартас калпында әлі баспалардан шығарылып, сатылымға қойылып жатыр екен. Бұған биылғы мамыр айында Алматы қаласында «Ғалымдар үйінің» жанында өткен үлкен кітап жәрмеңкесінде көз жеткіздім. Ол кеңестік дәуірде қазақ халқына жасалған зұлымдық еді ғой, Өзіңіз біліп отырсыз, қаншама сын айттық, тоқтату керек делік. Одан шыққан нәтиже жоқ. Ал трилогияның аудармасын дәл қазір қолға алып кете қоюға менің өзіме күнделікті жұмыстың күйбені мүрсат бермей тұр. Оның үстіне он бет, жиырма бет аударма емес. Арнайы жоспарлы дайындықпен келуіміз керек.

Бүгінгі қоғамда да аударма ең бір қиын мәселе болып отыр. Қолымызға түскен ғылыми мақалалардың сараптамасын жасағанда да жағамды ұстаймын, «Ар қайда, ұят қайда?» деп. Авторлар «аудармашымын» дегендерге сеніп, сұраған қаржысын төлейді, ал нәтижесі... Аударма тілге қызмет ету керек еді, ал біздің аудармаларымыз тілімізге қарсы жұмыс істеп жатыр. Тілді бұзып жатқан да осы аудармалар. Бір күні бір шетелдік қазақтардың ағылшынша жазған ғылыми еңбектерін алып зерттеп, бетімізге баспас па екен деген ой келеді. Шетке шығып бара жатқан дүниенің барлығының артында ел-жұрт тұрғанын неге ойламаймыз? Сондықтан әрдайым айтып келе жатырмын, аударма сапасын тексеріп, мынау жарайды, мынау жарамайды деп айтып отыратын арнайы орталық керек.

Jas qazaq: Сұрақтарымызға тұшымды жауап бергеніңізге алғыс айтамыз.

Сұхбаттасқан Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

Өз Отанына келіп білім ала алады, әдебиетін оқып, мәдениетінен қол үзбей, байланыста отырар еді. Екіншіден, жазуын оқи алған жағдайда дәл осындай жан-жақты түрлі деңгейдегі рухани және экономикалық байланыс түркі әлемімен де жандана түсер еді. Үшіншіден, ғасырлар бойына латын жазуын пайдаланып, ғаламшарда көш ілгері дамып кеткен ағылшын, француз, неміс деген сияқты әлемнің жетекші тілдерінде сөйлейтін батыс әлемімен де бізді латын жазуы жақындата түсетін еді. Бұл тілдің сыртқы әлеуеті.

Ал ішкі әлеуеті қалай көтеріледі? Біріншіден, тілді қазаққа жат құбылыстардан тазартамыз. Екіншіден, жазуды жеңілдетеміз. Үшіншіден, латын жазуымен жазылып

Нұрсәуле РСАЛИЕВА:

АУДАРМА ТІЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК, АЛ БІЗДЕ ТІЛГЕ ҚАРСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

тұрған кез келген жазу, әсіресе, жастардың көзіне сүйкімді көрінетінін көріп жүрміз ғой. Бұл олардың рухын көтеріп, өз тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады деген ойдамын.

Jas qazaq: Ағылшындар мен қытайлар да реформа жасағысы келеді дейсіз бе, оларға не үшін қажет жазу реформасы? Жазудың қиындығынан ба?

Н.Рсалиева: Иә, жазудағы қиындықты жеңілдеткісі келеді. Ағылшын тіліндегі әдебиет көздерінде осы «language reform», яғни «тілдік реформа» деген терминге «purification», «simplification» деген екі тәсілмен іске асатын, тілге едәуір өзгеріс алып келетін мемлекет тарапынан жасалатын жоспар деген түсінік беріледі. Мұндағы «purification» деген бөгде, жат құбылыстардан тазалау деген мағынаны берсе, «simplification» жеңілдету, қарапайым ету деген мағынаны береді. Демек осы жеңілдету мен тазалауға қажеттілігі болған барлық тіл реформа жасауға сұранып тұрған тіл болып саналады.

Қытайда XIX ғасырдың соңында жазуды реформалау мәселесі көтерілген екен. «Осы күнге дейін Қытайдың жоғалтқаны бар болса, ол осы жазудың қиындығынан болып келе жатыр» деп көрсетіп отырған ғалымдары бар. Бірақ елдегі жалпы зиялы қауымның конфуционизмді берік ұстанып алып, Батыс идеяларын жек көруінің себебінен дыбыстық-әріптік жазуға, латын жазуына көше алмай келеді.

Ағылшын тілінің мәселесі басқа. Нағыз «Манчестер деп жазып, Ливерпуль деп окитын» жазу реформасына сұранып тұрған тілдердің біреуі осы. Бірақ бұл жер бетіне жайылып алған, онға жуық бірін-бірі мойындамайтын стандарттары бар тіл. Қазір ағылшын тілдері деген сөз қолданысқа шықты. Осы стандарттардағы айырмашылықтар негізінен сөздердің жазылуында болмайды, айырмашылықтар негізінен бірдей жазылып тұрған сөздердің әркелкі дыбысталуында болып жатады. Ал бір сөз әркелкі дыбысталып тұрған жағдайда оның графикалық тұрпатын дыбыстық-әріптік жүйемен жеңілдетіп алу деген мүмкін болмайды, әрине.

Jas qazaq: Латын әліпбиіне көшіру жөніндегі құрылған Ұлттық комиссияға қарасты Орфографиялық жұмыс тобының шаруасы қалай өрбіп келеді?

Н.Рсалиева: Орфографиялық жұмыс тобының жұмысы қазір тоқтап тұр.

Jas qazaq: Латын әліпбиіне көшуде әлемнің озық тәжірибесіне сүйену, зерттеу-

РЕФОРМА, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДЫ ҚҰАТТАНДЫРАДЫ, ТІЛДІ ӨМІРШЕҢ ЕТЕДІ. ТІЛГЕ ҚАУІП ЖОҚ ЕМЕС. ТІЛДЕРДІҢ ӨМІРІ БАЛЫҚТАРДЫҢ ӨМІРІНЕ ҰҚСАЙДЫ, ҮЛКЕНІ КІШІСІН ЖЕЙДІ. БІЗДІҢ ТІЛІМІЗДІ ДЕ БӨГДЕ ҚҰБЫЛЫСТАР БАСЫП КЕТІП ОТЫР.

зерделеу мәселесі де айтылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әліпбилі жетілдіріп, шикі тұсын түзеуге қатысты тапсырмасы қалай орындалып жатыр?

Н.Рсалиева: Осыдан екі жыл бұрын жасалған «Жетілдірілген әліпби» жобасымен де Президентіміз таныс. Ол жобада сіз айтып отырған әлемнің озық тәжірибесі, түркі әлемінің тәжірибесі, т.б. мәселенің ескерілуге тиісті жақтары жан-жақты есепке алынған еді. Солай болғанына қарамастан, бұл мәселе әлі ашық күйінде қалып отырғандықтан, «Әліпбиден өркімнің бар таласы» деп, жекелеген пікірлер арагілік мамандар талқысына келіп түсіп жатады.

Президентіміз — дипломат, білікті саясаткер ғана емес, сонымен қатар көп тіл білетін, лингвистика ғылымын да жете түсінетін, терең білімді маман. Сол себепті өзінің 7 жылдық президенттік мерзімі аралығында «Жана Қазақстанды» құру бағдарламасының аясында бұл мәселеге де байыппен қарап, ең оңтайлы шешімдерге қол жеткізуімізге ықпал етеді деп ойлаймын.

Jas qazaq: Қазіргі заманда тілді реформалау ұлттық құндылығымызды қуаттандыра түсе ме?

Н.Рсалиева: Реформа ұлттық құндылығымызды қуаттандырады, тілді өміршен етеді. Тілге қауіп жоқ емес. Тілдердің өмірі балықтардың өміріне ұқсайды, үлкені кішісін жейді. Біздің тілімізді де бөгде құбылыстар басып кетіп отыр, оған не себеп? Мысалы, орыс тілінде не бар болса, соның барлығын өзіміздікі сияқты көруімізге не себеп? Орыс тілінің бүкіл терминологиялық

базасын түгелімен өзіміздікі сияқты көріп, дайын күйінде алып, пайдалана беруімізге не себеп? Себеп — әліпбиіміздің өзі орыстыкі болып тұруы, әліпбиіміздің құрамында орыстың 33 әрпінің түгелімен тым ұзақ уақыт тұрақтап қалуы. Соның салдарынан алдымен санамызда орнығып алған тәуелділіктен арылсақ, ары қарай көп нәрсе өздігінен жеңілдейді.

Біздің қазақша оқып, жазып отырған балаларымыз /вакзал/ деп жазу үшін «в-о-к-з-а-л» деп жаттап алу керек, /камисия/ («*комиссия*») деп жазатын болса, алдымен, ком, сосын неше м, неше с дегенді жаттау керек. Осы сияқты сөздер орыс тілінің орфографиялық нормаларына толықтай сәйкес жазылмаса, қатеге ұрынып, бала төмен баға алады. Бұл қиындық, бұдан арылып, жазуымызды жеңілдетуіміз керек.

Ағылшындар отыр ғой, орыстың театрын /сиэтә/ деп, фестиваль демей, /фестивал/деп, одан олардың тілі кеміп қалып жатқан жоқ,



керісінше, өзін сыйлаған, құрметтеген тіл тек қана өрге жүзіп барады. Сол сияқты, тілге жат нәрсені, тілде жоқ нәрсені шығарып, қазақ тілін табиғи болмысына келтіру арқылы ғана біз оны сақтап, дамыта аламыз.

Бірақ жетекші тілдердің тәжірибесінен керегін алып, керек емесінен сақтануымыз керек. Тазалау деген осы екен деп әліпбилді тым мүшкіл күйге түсіріп тастауға да болмайды. Ағылшын тілінің 26 әрпі естіп тұрғанын жаза алмайды, көріп тұрғанын оқи алмайды. Өз сөзін оқу үшін транскрипцияға жүгінеді. Мәтіндерін қарап отырсаңыз, әліпбиінде кездеспейтін диакритикалық танбалар өте көп. АҚШ-та осындай қосалқы танбалармен жазылған қалалардың аттары көптеп кездеседі. Осының бәрінің себебі не? Себеп — әліпбидің әлсіздігі, өз мұқтаждықтарын өтеуге әріп санының жетпеуі. Реформа жасап алайын десе, жана айтқанымыздай, бірдей жазылып тұрған сөз стандарттар мен диалектілерде әртүрлі оқылып кеткен. Ол сөздің дыбысталуына қарап, оңайырақ жазу жасап алуға мүмкіндік бермейді. Біз одан да сабақ алуымыз керек.

Jas qazaq: Нұрсәуле Мақсұтқызы, биылғы ең елеулі оқиғаның бірі — ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының 150 жылдығының кеңінен ел ішінде және ЮНЕСКО төңірегінде аталып өтілуі болды. Ауыз толтырып айтатын іс-шаралар бар ма?

Н.Рсалиева: Оныңыз рас, А.Байтұрсынұлының 150 жылдығы биылғы ең елеулі оқиғалардың бірі болды. Ең бастысы, жер-жерде атқарылған ірілі-ұсақты шаралар, оның ішінде «Ұлт ұстазы Ахмет» фильмінің де жарыққа шығуы қазақта Абай сияқты тағы

ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мұрындық болуымен А.Байтұрсынұлы тандамалы еңбектері орысша, түрікше, ағылшыншаға аударылған, бұл еңбектердің, көптомдық жинағының тұсаукесері Түркияда, Парижде өтті, Қазақстанда өтіп жатыр.

Айтпай кетуге болмайтын тағы бір маңызды оқиға — институтымыздың жас ғалымдары Ермұхамет Маралбек пен Әрлен Сейітбатқалдың Бакуге барған сапарынан олжалы оралуы. Олардың 1926 жылы Бүкілодақтық Бірінші Түркология Құрылтайының бейнежазбасына қол жеткізіп, ондағы А.Байтұрсынұлының тірі бейнесін ортамызға алып келуі. Бейнежазбаның бас-аяғы 8 минутқа созылған. Ол жерде А.Байтұрсынұлы 7 рет көрінеді. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін еш жерде жарияланбаған суреттер табылды. Суреттерде А.Байтұрсынұлымен қатар, Елдес Омарұлы, Әміре Қашаубаев, Біләл Сүлеев, Әзиз Бейсейідулин сияқты зиялыларымыз кездеседі.

Jas qazaq: Сіз «Оксфорд сөздігі» кітабының редакторсыз. Бұл кітаптың қазақ тілінің өрісін кенейтуге тігізер пайдасы қандай? Кімдердің қаржыландыруымен жарық көреді? Әлемге әйгілі сөздіктің қазақ тілінде «сөйлеуі» қазақ тілінің реформасына айтарлықтай салмақ қосатын шығар?

Н.Рсалиева: Сөздік әлі жарыққа шыққан жоқ, редакциялау жұмыстары жалғасып жатыр. Дегенмен де, ойыңыз өте орынды, мұндай сөздіктің жарыққа шығуы қазақ тіл білімінің тарихындағы ең бір елеулі оқиғалардың бірі болмақ. Себебі Оксфорд сөздігі — әлемдегі лексикография ғылымының ең озық үлгісін көрсетіп келе жатқан ең ірі мектептердің бірі.



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

TAĞZYM

Ерліктің тегі

ЕРЛІК ЖАСАЙМЫН ДЕП ОЙЛАППЫН БА МЕН?..

— Ол кезде мен ерлік жасайын деп ойлады дейсін бе?! Бірақ қорыққан жоқпын, ауырып қаламын десем, жанбыр аралас қар төпелеген желтоқсанда киімді шешіп, суға қойып кетем бе? Іленің ар жағында да, бер жағында да ел қаптап тұрды. Ешкім түскен жоқ! Балалар шырылдап жылағанда адам шыдай алмайды екен...

Бейсетай ағаның еш бүкпесіз шын жүрегімен айтқан сөзі: «Ерлік жасайын деп ойлады дейсін бе?!» Бірақ ол ерлік жасаған. Ерлік болғанда қандай, теңдессіз ерлік! Шырылдаған ата-ана көз алдарында қайық аударылып, өзенге ағып бара жатқан балаларына қол ұшын бере алмаған...

Аудандық кітапхананың фойесінде мектеп оқушыларының біреулері қалың қатты қағаздан жасалған қайыққа іркес-тіркес отырып, біреулері алты құлаш көк матаны бүйірінен



Батыр —
Бейсетай
ДӘУРЕНБЕКОВ

БАҚАНАСТЫҢ БАТЫРЫ

Бейсетай Дәуренбековтің суға аққан 12 оқушыны құтқарған желтоқсан оқиғасына 50 жыл

желпілдетіп сең көшкен өзеннің көрінісін жасап қым-қуыт әрекетте. Бұрыштағы дыбыс колонкасынан үскірік желдің, шылпылдаған өзен ағысының, балалардың дауысы естіледі... Кенет қайық аударылып, у-шу басталды... Шам жартылай өшіріліп, кеш қараңғылығын білдірді.

апама. Алла тағаланың құдіреті ғой, абдырап ессіз жүрген анам әлгі «грелкінің» аузын да жаппаған, ақсақал оны қолына ала беріп қайнап тұрған ыстық суды менің үстіме «қолқылдатып» қотарып алған ғой... Денем «дір» етіп, қайнақ судан «тіріліп кетіпін...» Содан 23 күн үйде



Солдан оңға қарай — Сергей ПРОЦЕНКО мен Айдарбек ТЕГІСБАЕВ балаларымен (ортада — Бейсетай аға)

Ұмар-жұмар бала... «Құтқарыңдар! Апа-а!.. Ма-ма-а! Құтқарыңдар!.. Вова, көмектес!..» Жылаған қыз дауысы. Кішкентай актерлердің өз рөлдерін соншалықты нанымды сомдағаны ғой, Бейсетай аға қалтасынан бет орамалын алып, көзінің жасын сүртті.

— Айналайындар-ай, көзімнен жас шығарды ғой... Анау айқайлап «Вова!..» деп жылаған қыздың зінгіттей екі ағасы жағада тұрған, кеңшардың гаражында бірге жұмыс істейміз, бала кезден бірге өскенбіз. Екеуінің де суға секіруге жүректері дауаламаған... Желтоқсанда кеш тез түседі. Төпелей қар жауып, аяқ астынан жел көтеріліп, өзен бетінде бір апта бұрын қатып, сол күні морт-морт сынған сең көшкіні жүре бастады. Қайықтың орта жолда аударылғанын өз көздерімен көрген жағадағы жұрттың зәресі ұшып, қорқып кетті ғой.

Ол кезде Бейсетай Дәуренбеков ағамыз 34 жаста екен. Құлаштай жүзіп айқай-шудың ортасына жеткен күйде алдымен қайықты аударып орнына қояды да, оны жанұшырған қайықшыға ұстатып, өзі тарыдай шашыраған балаларды бір-бірілеп қайыққа икемдеп жеткізіп, жанталаса жүзіп жүріп жинайды. Он бес баланың 12-сін жинайды, үшеуін ағыс алып кетеді...

— Үрейі ұшып, айқайлап қорыққан балалардың біреуі шашымнан, біреуі қолымнан, біреуі аяғымнан тас қып ұстап, жабысып қалған. Менің өзім суға кетіп қалуым мүмкін, Құдайдың құдіреті ғой, ата-бабаларымының әруағы демегені шығар, әйтеуір, жұлқынып жүзіп жүріп қайықты толтырдым... Содан қайықты сүйрей-мүйрей жағаға ұмтылдым.

СЕРЕЙІП ҚАТЫП ҚАЛҒАМ: ЫСТЫҚ СУ МЕН МОЛДА «ПІРІЛТІ!»

Балаларына қолы жетіп асығыс күйде үйді-үйіне тараған ата-ана есін жиып, өзді-өзіне келген соң барып құтқарушы Бейсетайды іздемей ме? Сөйтсе, әбден қалжыраған Бейсетай киімін де киіп үлгерсе алмай, есінен танып сексеуілдің түбінде серейіп жатыр дейді. Мәшинесін әлдекім мініп көрші ауылдан көмек сұрауға кетіпті... Дене иілмейді, мұз боп қатып қалған. Жұрт жиылып, жүгіріп жүріп Бейсетайды ағаш көтергендей қылып үйіне жеткізеді.

— Әйелім екі баламен арғы беттегі төркінге кеткен. «Күн бұзылып тұр. Ашылсын, сол кезде қайтарсыңдар» деп телефонмен өзім сөлем айтқам. Әйтпесе, сол күні жолға шықса, екі ортаға жүретін жалғыз қайық, құдай біледі, ақыры не боларын... Үйдегі жалғыз анам сүнгі мұздай қатып қалған, не дем жоқ, не қимыл жоқ баласын көрген бойда, ботадай боздап, есі кірелі-шығалы жүгіріп жүріп, естияр көршімізді шақыртады... «Көз жұмдыға санаған» Жүнісбек ата, молдалығы бар еді, әлгі дәрігерлердің резінке қапшығына ыстық су құйып әкел дейді

жаттым. Қойдың құйрығы мен сорпасы жанымды алып қалған.

Болған оқиғаның ертесіне күллі аудан тік тұрып, 12 баланы арнайы тікұшақпен Алматыға емханаға алып кетеді. Есің әлі жиып үлгермеген Бейсетай Дәуренбеков: «Үйде анам жалғыз, әйелім, бала-шағам төркіннен келген соң барайын...», — деп үйде қалады. Өзі-өзіне келіп, аяғына тұрғанын күтіп отырған нұсқаушылар «Баканастың батырын» сол күні аудандық партия комитетінің зәуліл ғимаратына жеткізеді.

— Ауданның бірінші хатшысы Бекболат Тұрысжанов деген қатал кісі екен, үлкен кабинетінде өткен партия комитетінің бюросында ауданның күллі басшысын тік тұрғызып қойып «бұйралады-ай» кеп. Алдымен маған алғыс айтты. Мен кеңшар директорының тапсырмасымен екі кісіні арғы беттен — Үшжармадан келетін қайыққа мінгізу үшін жеткізгем сол күні. Солардың бірі сот, екіншісі ішкі істер бөлімінің қызметкері екен. Хатшы екеуіне «Партбилеттерінді үстелге қойыңдар. Өздеріндей жап-жас жігіт, нағыз коммунист Дәуренбеков ойланды суға түсті. Сендер түскенде әлгі үш бала да аман қалар еді» деп айқайлады. Ол екі байқұста не кінә бар? Бірінің судан шошитын кеселі бар деген дәрігерлік анықтамасы болса, екіншісі, суға түскенмен ағысы қатты өзенде жүзіп көрмегенін айтып жыламсырады. Ал оларға қарағанда мен Іленің ағысына қарсы жүзіп, жағасында өскенбіз ғой енді... — деген Бейсетай аға сол күнгі айрықша «бюроны» еске алып.

Екі аптадан соң Алматыдан арнайы өкіл келіп, құтқарушы Бейсетай Дәуренбековтің қолына Сочи курорттында демалатын жолдамасын ұстатып, аяқ-қолын жерге тигізбей қалтасына пұл салып, ұшаққа отырғызады.

СОЧИДЕГІ ҚАЗАҚ БАТЫРЫ. ОЛ КІМ?

Сочидің ең тамаша демалыс орнындағы алғашқы 4-5 күн елеусіз өткен. Бір күні жас шамалары ағып бара жатқан өзен Маңғыстаудан келген барлығы төрт жігіт әдеттегідей курорттың кітапханасында «сауат ашып» отырмай ма?

Кенет «Правда» газетін оқып отырған өзбек жігіті «О, мына қара, мына қара... Қазақстанда бір жігіт 12 баланы ағып бара жатқан өзен суынан құтқарып алыпты... Қақаған қыстың күні... Ой, нағыз жігіт, ой жігіт!..» дейді. Бәрі жапатармағай «Правдаға» ұмтылады. Газетке көз жүгірткен Бейсетай Дәуренбековте артық ой жоқ, «Ой, мынау мен ғой...» дейді танданыспен. Әлгі үш дос газетті қолдарына ұстап, төтелеп курорттың директорына тартады. Бейсетайдың «Е, неғылсыңдар, керегі жоқ, өткен іс қой...» дегеніне қарамаған. Қазақстаннан келген Батырға теңдессіз құрмет, айрықша салтанат сол күннен басталады да кетеді.

— Күнде кездесу, күнде мақтау сөз... Тіпті жергілікті газеттерден журналистер келіп сұхбат алды. Сәл-пәл жиын болса, мені дереу «Бұл жігіт те Батыр деп, КСРО-ның әр бұрышынан келген Кеңес Одағының Батырларымен, Социалистік Еңбек Ерлерімен төрде қатар отырғызады. Сонымен, күллі демалушылардың назары менде... Қоятындыры бір-ақ сұрақ: «Қалай ерлік жасадыңыз?» Мен айтамын: «Ойлануға уақытым болмады, қар борап тұр, жел көтерілді, қайық көз алдымызда аударылды, балалар шырылдап суда ағып барады. Шешіндім де, секірдім...» Қысқасы, 24 күн демалыстың той-томалақпен қалай өткенін де сезбей қалдым. Қайтар күні күллі курорт аяғынан тік тұрып, «Біздің батырымыз, біздің батырымыз!» деп ұзақ қол шапалақтап, музыкамен шығарып салды. Ол бір ғажап, ұмытылмас күндер енді... — деп, көп күлмейтін Бейсетай аға осы жолы жайдарылана бір күліп, өткенді еске алып жатты.

— Он екі баланы ажалдан аман алып қалу шынында да ерлік, сізге сол кезде шын мәнінде Кеңес Одағының Батыры атағын беру керек еді ғой! — деймін ағамызға.

— Алғашында «Батыр» атағы беріледі екен, сондай атаққа ұсыныпты деген сөздер шыққан! Кейін КСРО Үкіметі «Құрмет белгісі» орденімен шектелді. Өз басым «Алтын жұлдызды» ойлайтындай халде болғаным да жоқ. Оның үстіне «Төрт ұлттың өкілдерін құрайтын қайықтағы балалардың суға кеткен үшеуі орыс халқының өкілдері екен. Сондықтан Батырлыққа деген ұсынысты

жасайын деген қайықшы Базарновтың сөзіне бала емес пе, үйіріне асыққан оқушылар шуылдап, құлақ аспаған. Үлкендер жағы балаларға ескерту жасап, сес көрсетпеген. Жанбыр аралас қар жауған, —20 градус аяз. Жел көтерілген, сен жүрген.

...Бейсетай ағаның үйіне Алматыдан, Новосібірден, Махашқаладан, Краснодар мен Красноярдан өзі құтқарған балалар мен олардың ұрпақтарынан құттықтаулар осы күнге дейін еш тоқтаусыз келіп жатады... 18 желтоқсан күні!

ЕРЛІКТІҢ ТЕГІ БОЛА МА?.. ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ?

Иә, ерліктің де тегі болады екен... Аты бүкіл Кеңес Одағына жайылған құтқарушы Бейсетай Дәуренбековтің өмір тарихына зерделеп, зейін салып, көңіл қояр болсаңыз, таңғажайып тарихи деректерге тап келесі! Кәдімгенді қария өзіне танылған «Баканас батыры» атағына 46 жыл бойы дақ салмай, қылау түсірмей арқалады. Балқаш ауданының Аралтөбе ауылында бақуат өмір сүрді. Ата-бабасынан қалған, өзі айтатындай, қара мылтық пен қара қақпанды ермек етті. Айтпақшы, бүгінгі аңшылардың өзіне тансық көрінетін дәуір жалғастырған сол шойыннан құйылған қара қақпанның тістеуік аузын екінші бірі күш салғанмен аша алмайтынына куә болғанымыз бар сонда! Іле өзенінің сағасындағы қалың қамыста кәдімгі жолбарыстың жортқаны, оның киелі хайуанға киелі мекен болғаны туралы да сол жолы Бейсетай ағадан естіген ем. Бейсекен ағамыздың атасы жанадан құрылған Кеңес өкіметінің хайуанаттар паркіне жолбарыстың екі күшігін сыйлап, сыйақы алған. Жолбарыс аулауда оның өз тәсілі болған...

Қоқышбай есімді қыстаудың аты берілген енді бір атасы туралы аңыз тіпті қызық... Әлгі кітапханадағы салтанат кезінде (2014 жыл) сөз сөйлеген аудандық мәслихаттың сол кездегі хатшысы, белгілі журналист Марат Қашқынбаев: «Бейсекен ағамыздың бір атасы Қоқышбай бабамыз Іленің ең ағысы қатты иірімінен екі қолыммен бас ұстаған күйі оны мүжіп, қос аяғымен-ақ жүзіп өтеді екен деген аңыз шындыққа жақын. Іленің жағасын балықша жүзген кісілер ғана мекендеген», — деген еді.

Екі-үш жасар кезі екен. Жыңғылдың арасында ешкі-лақтың соңына ерген жалаң-аяқ, жалаң бұт бала шағын ауылды дүрілкітреді. Ізім-қайым жоқ. Бір түн іздейді, бір күн іздейді. Соғыс басталған. Жұрттың бәрі майдан үшін еңбекте. Қолы бос адам жоқтың қасы. Таң қылан бере борпылдақ топырақты басып жүрген баланың ізіне түседі із кесушілер. Ол кезде Ақкөл ауылында адам да көп емес екен. Із жол бойындағы құдыққа алып келеді. «Бала өз суретін көрем деп құлап кетті ме?» деп, сүзіп шығады. Жок.

— Күн-түн қатпай шаруада жүрген әкемді шақыртқан... Ауылдағылардың шапшаны сол кісі болған дегенді кейін талай естідім! Содан әкем төңіректі түгел шарлап, менің шығысқа бет алған ізімді табады. Тура Алдаберген атамның күмбезіне кіріппін. Борпылдақ топырақтағы баланың ізінен кейінгі түскен екі қасқырдың ізін көргенде іздеуші жұрт бірден «Ойбұй, қасқыр жеп қойдыға» тоқтайды. Екі қорқау да менің ізіммен күмбезге кірген... Мына қызықты қараныз, іште жалаң аяқ, жалаң бұт, әбден қалжыраған мен тастай қатып ұйықтап жатыппын.

Маған ойлана бір көз тастаған Батыр аға кенет: «Дені қасқыр жарықтық тілі шықпаған балаға тиіспейді екен дегенді еститінбіз. Менің былдырлап сөйлеп жүрген кезім екен. Не болғанын, басымнан не өткенін айтып бере алмаппын. Бірақ әбден қорқып қалған екенсің дейтін. Баланы қасқыр емізгіш дегенді кітаптардан оқығанмын» деп барып, бір

ІЛЕНІҢ БЕТІНЕ ДЕ, ТОЛҚЫНЫНА ДА ҚАРАЙ АЛМАЙМЫН...

...Сол кезде Айдарбек Тегісбаев пен Сергей Проценко бірінші сыныпта оқитын. Екінші өмір



Бейсетай ата отбасында, немерелерімен

сыйлаған әкелері Бейсетай Дәуренбековті ортаға алып, бәріміз айтулы оқиға болған жағалауға келдік.

— Осы өзеннің бетіне, толқынына қарай алмаймын, — деп бір күрсінген Бейсетай аға, — қайықтан құлаған үш бала дейсіз бе, бұл Іленің суы талай адамның обалына қалды ғой, талай адамның өмірін үзді. Көктемде сең бұзылғанда әлгі үш баланың бірі табылды, екі қыз із-түзсіз кетті... Төтелей келсе, бұл от пен судың кесепатынан ешкім құтылмаған, — деген-ді айналаға шолу көз тастап.

Сергей қазақша ап-анық сөйлейді екен. — Бейсетай ағам нағыз Батыр, біздің екінші әкеміз, сол жолы менің әпкем Валя да құтқарылды ғой. Қысқасы, ол кісі біздің әулетке өмір сыйлады... Өзімнің балаларым да ержетіп қалды. Олар менің мәңгі-бақи кімге қарыздар екенімді еш ұмытпайды.

— Бейсетай ағам пальтомның жағасынан қарулы қолымен іліп алып қайықтың ернеуінен асырып тастағаны есімде... Мотордан тас қып ұстай алдым. Газеттерден окимыз, судан екі адамды құтқарғанға Батыр беріп жатыр дегенді. Біздің Бейсетай ағамыз 12 баланы құтқарды. Бірақ Батыр атағын бермеді. Егер сол күні, сол тұста Бейсетай аға болмаса ше... ойланып көрінізші! — дейді Айдарбек.

Айдарбек пен Сергей су шайған Іленің жағасында тұрып, сол күнді қинала еске алды. Үшжарма интернатында оқитын балалар жалғыз қайықты кешке дейін күткен. Интернатта Ақкөл, Көктал, Көлжиде ауылдарының да балалары оқитын. Күн жексенбі. Ертесіне осы моторлы қайықпен кері қайту керек. «Екі рейс

тоқтаған. Әлдене айтқысы келді. Айтпады. Тендесі жоқ жасалынған ерліктің негізі осынау аңыз тектес әңгімеде жатқан жоқ па екен деп менің де танданғаным рас сонда...

2018 жылы 3 қазанда Халық батыры — Баканас батыры Бейсетай Дәуренбеков 80 жасында дүниеден өтті. Аралтөбеде жерленді. Қабір тасына Ерлік иесі туралы ең алғаш БАҚ-та тебірене төгіліріп жазған белгілі акын, әрі журналист Нүсіп Әбдірахим мынадай эпитафия жазды:

*Ақ жанымен ақтарыла күлетін,
Жұрттың бәрін бауыр санап жүретін!
Ұрпақ үшін өлімге бас тігетін
Жатыр мұнда Бейбіт күннің Батыры
Өмірді үлкен жүрегімен сүйетін!
Ерлігіне елі басын иетін,
Ақша қардай кір шалмаған ниетін,
Иманды бол, Ардағым!!!*

Ал менің есімде... менің есімде «Қасиеттінен айналайын, Димаш аға! Біздің ауданға үш рет келді, содан осы аумақтан көпір салып беріп кетті. Өйткені ол кісі әлгі қайғылы оқиғадан хабардар еді. Халық кейін оған «Дінмұхамед Қонаев атындағы көпір» деген атақ берді. Менің жасаған ерлігімнің өтеуі — осы көпір» деген Бейсетай ағаның бір ауыз сөзі қалыпты...

Талғат СУЙІНБАЙ,
Алматы
Суреттерді түсірген
Нұрманбет ҚИЗАТҰЛЫ

санамыздың тамыры. Соның бір нәтижесі — эпос тілімізді сақтап қалды. Бұл — эпостың үлкен, тарихи, классикалық қызметі.

Ал эпосы нашар халықтар тілінен айырылды. Бізде эпосты халық арасына таратқан жыршылар. Олардың көбі жазу білмейтіндіктен жаттап алып айтты. Біздің музыкамыздың да даму себебі — халыққа кең тарағандығынан.

Халқымыздың «Үлеспеген еншіміз бар» деген ұлы сөзі де терең мәнге ие. Үйіне кім келсе де «құдайы қонақпыз» десе болды, ілгеріде айтқанындай, өзі аш болса да барын соған береді. Тамақты сату, сатып алу, келген кісіні ауырсыну, өзіме жетпейді деу ешбір үйде, ешбір ауылда кездескен емес. Кейбір халықтың дәстүрі «өзімізге жетпей жатыр» деп бір кесе шайын есептеп отырады. Ал казекен қарымтасын



өзі шал кісі», — деп ішімнен қатты қауіптеніп қалдым. Бір риза болғаным, Леонид Сергеевич машинаны жақсы жүргізеді екен. Ерсілі-қарсылы қаптаған машинаны ара-арасымен сусып өтеді, ептілігі керемет. Тағы қалжыңбас, күлдіріп әңгіме айтып қояды.

— Қалай тұрып жатырсың? Көргім келеді, — деп бөлмеме енді. Отырдық.

— Сәбит Мұқанұлында екі сағаттан астам болдық. Көптен бері өзінмен сөйлессем деп жүр едім. Сен туралы сыртыңнан көп нәрсені естіген кісімін. Енді әңгімелессейік. Сол үшін келдім.

ОЛ – БІЗДІҢ ҮЛКЕН ДОСЫМЫЗ



— Мақұл, Леонид Сергеевич. Ол кісінің бір жақсы әдеті — тыңдай біледі екен. Тек ара-арасында қалжың араластырып, күліп қояды.

Екеуміз қарама-қарсы отырмыз. — Бірінші сұрағым, қазақ ауыз әдебиеті туралы қандай пікірлесін?

— Леонид Сергеевич, бұл сұрағыңызға, кешіріңіз, ойланып, кейін жауап берейін. Сол дұрыс шығар.

— Жок, қазір жауап бер, өтінем.

— Жарайды, шамам жеткенше айтып көрейін. Біздің халық тілге бай, оның себебі, бізде ауыз әдебиеті жақсы дамыған.

Осы күнгі өнеріміздің асылдарының бәрі сол халық қазынасынан. Мысалы, терме еш халықта жоқ. Оны осы уақытқа дейін дұрыстап насихаттай алмай жүрміз. Ал күйімізді бүкіл әлем музыкалық ерекше жанр деп мойындайды. Бұл да жер жүзінің бір халқында жоқ. Бізде ғана бар екен. Айтыс та ешкімде жоқ. Ол өз алдына әңгіме. Шешендік сөз ше? Шешендік сөз басқа халықтарда болғанымен біздегідей емес. Бізде шешендік сөз, айтыс өнері жалпыхалықтық сипатта дамыған. Басқа халықтарда бұл өнермен санаулы, таңдаулы адамдар ғана айналысса, бізде көпшіліктің бәрі айналысқан.

Байлығымыз осы. Көп елден баймыз. Біздің тіліміз сақталған тіл. «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Алпамыстың» шалдарымыз да, балаларымыз бен немере-шөберелеріміз де түсінеді, кейбірі жатқа айтады. — Леонид Сергеевич қуана күлімсіреді. — Басқасын айтпайын, Абайдың өлендерінің философиялық, адамгершілік мәні қандай? Оны ол халықтан алды ғой. Егер әлгіндегі асыл дүниелер халық бойында болмаса, Абай оны қайдан алар еді?

— Түсінікті, айта бер, — деп Леонид Сергеевич басын изеді.

— Казекен үйіне келген кісіге, ол мейлі қасы болсын, кет деп айтқан емес, айтпайды. Өзі жемесе де барын қонаққа сыйлайды. Это традиция. Үлкенді сыйлау, кішінің қамын жеу — дәстүр. Біз бір жасы үлкен кісі сабаса, осы күнге дейін үндемейміз. Әділ ме, әділ емес пе, үн шығармаймыз.

Казекен буаз малды соймайды. Шөп гүлдеп келе жатқанда дәні өссін деп ол жерге мал жаймайды. Бұл, Леонид Сергеевич, адам түгілі өсімдікке дейін қамқорлық қой. Екіқабат әйелмен ажырасуға болмайды. Ал жайшылықта ажырасқанның өзінде мал-мүлкінің тең жартысын бөліп береді. Бұл да — дәстүр. Менінше, өткеннің бәрін жамандау дұрыс емес.

Бізде ата тегі деген сөз бар. Оны біз өзгертіп, ескілік деп жүрміз. Ол қатемізді соңғы жылдары ғана түзей бастадық. Кімнің арқасында біз осындай дәрежеге жеттік, олар кім болған, не істепті, не қалдырыпты деп алдымен әркім ата тегін білугі керек. Осыдан отбасы дәстүрі шығады. Мұны қазақ тілінде ата жолын қуу дейді. Бұл жақсы дәстүр. Жаман жерден шықпапты, тегі жақсы екен дегеннің мәні терең.

Мұны айтып отырған себебім, бұл бір мектеп. Отбасының тарихын, ата-тегің құрметтеп сүймей, Отанды құрметтеп сую мүмкін емес. Өз отбасының намысын қорғамаған адам басқаның намысын қорғай алмайды.

Балалардың, әкелердің тарихы — халық ерлігінің тарихы. Уважение к прошлому рождает ответственность к настоящему.

Дәстүр, салт-сана жақсыларының барлығы біздің эпостарымызда айтылады. Содан олар кейінгі ұрпаққа мұра болып қалады. Ол, білсек, бүгінгі жақсылықтарымыздың, дәстүр, салт-

— Мәскеудегі Совет армиясы орталық қонақ үйінде жатқанмын. Телефон шыр ете қалды, — деп Баукен тыңнан сөз бастады. — Әлау, Бауыржан, айналайын, сенбісің-ей?! Мен Сәбит Мұқанов ағанның үйіндегі жеңгенмін ғой. Денсаулығың қалай, айналайын?

— Ассалаумағалейкум, Мәриям жеңеше, Менмін ғой.

— Аған екеуміздің Мәскеуге келгенімізге бес-алты күн болды. Сені іздеп-іздеп әбден шаршадық. Әлгі Леонид Сергеевич Соболев бөлмемізде отыр, Сәбенмен ежелден дос қой. Оны білесің ғой, ә? Сол Леонид Сергеевич сені бұрын көрмеген екен, көрсем дейді. Келсеңші, — Мен барсам, қойнына аласың ба? — Аған тірі, көзіне шөп салмақсың ба? — Кешіріңіз. Сізді Алматының әзілін естіп жалыққан шығар, енді Москваның да әзілін естісін дегенім ғой. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген. Енді сізге ешуақытта әзіл айтпаймын.

— Сөйт, айналайын. Елден алып келген қазы-қартаның қалған-құтқаны бар еді. Содан дәм тат. Леонид Сергеевич өзінмен әңгіме-дүкен құрмақ. «Москва» қонақ үйіне таксилетіп жеттім. Люк бөлмеде орналасқан екен. Әділет керек, қарағым, Сәбен жол жүргенде де дастарқаны мол кісі еді, қазы-қартаны төгіп тастайтын. Менінше, мұның бәрі Мәриям жеңгейдің арқасы болу керек.

Сәбен «полковник келді, полковник келді» дей берді. Мен үндемей отырмын. Оным Леонид Сергеевичке ұнамады білем, маған жақтырмай қарап қояды. Екеуміздің бірінші кездесуіміз ғой. Алғаш әңгімеміз үйлесінкіремеді. Соны сезген Сәбен:

— Сөйлесеңші, Бауыржан, — деп мазасыздана бастады.

Леонид Сергеевич офицер отбасында туған. 1910-1917 жылдары Петербург қалет корпусында, әскери теңіз училищесінде оқыған, I-рангалы капитан дәрежесіне дейін көтерілген. Балтық, Қара теңіз, Тынық мұхит флоттарында қызмет еткен. Ұлы Октябрь революциясы кезінде Совет үкіметі жағына өтіп, Кронштад көтерілісіне қатынасқан, революциялық жұмыстарға араласқан. Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жоғарғы Советінің депутаты және КСРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі, он бес жылдай РСФСР Жазушылар одағы басқармасының председателі болған. «Морская душа» деген үлкен деректі кітабы бар. Өзі ұзын бойлы, тіп-тік, шашы бұрыл, спортшы, сондай ұстамды, білімді, эрудициясы бай, ренді кісі.

Бір кезде Леонид Сергеевич: — Молодой полковник, — деп ұнатпай, маған тиісе бастады. Мұнысы қып-қызыл кекесін. Ішімнен: «Ойпырмай, жасы үлкен кісі ғой, мұнысы несі?» — деп ойлап отырмын. Сәбен маған кінәлаған көзбен қарады.

— Сен полковник болсан, мен I-рангалы капитанмын, — деп бастады келесі сөзін Леонид Сергеевич. — Мен де әскери адаммын, бәрінен хабарым бар...

Сәбен сұрланып кетті.

— Леонид Сергеевич, вы ошибаетесь, я вас не знаю что ли? Вы не капитан первого ранга, а всего-лишь полковник морской пехоты,— дедім.

Теңіз флотында бірінші рангалы капитан құрлықтағы әскердің полковник шенімен бірдей. Соны білмейді деп ойлаған болу керек. Леонид Сергеевич сәлден соң:

— Мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» аудардым. Соған қалай қарайсыз? — деді. Бұл сынау үшін қойылған сұрақ.

Сәбен: «Мына екеуінің басын неге қостым, шатақ шығып кете ме?» — деп дегбірсізденіп отыр.

— На ваш перевод я смотрю так же как вы сами, — дедім. Сәбен танырқап қарады. Леонид Сергеевич күлімсірей жамиды. Онысы — жауабымды ұнатқаны ғой. Әй, қарағым, есінде болсын, ақылды кісіге ақылды сөз айтпасаң, ол сені елемейді.

— Ты, оказываешь, понял, что в русском варианте больше заслуга Мухтара, чем я.

Сәбен аң-тан. — Шындығында маған Мұхтар Омарханұлы жолма-жол аударып әкелген еді, оны мен әдеби өңдедім. Ол орыс тілін тамаша білетін, оқып шығып, «Леонид, былай болсын» деп өз қолымен түзету енгізіп, редакциялап, жөндейтін.

Мұхтар Омарханұлы біздің аудармамызды редакциялаған, түзеткен кезде оған мен қарсы пікір айта алмайтынмын. Кейін рецензенттер Леонид Соболевтің аудармасы тамаша аударма деп жазды ғой. Әрине, аудармаға мен қатыстым, бірақ басты аудармашы деп Мұхтар Омарханұлының өзін айтамын...

— Леонид Сергеевич, «Абай жолы» романының аудармасына сіздің қосқан үлесіңіз үлкен. Мен романның қазақша нұсқасын да оқығанмын. Екеуінің арасында көп айырмашылық бар деп ойлаймын. Егер қазақша нұсқасы қазақтарға өте түсінікті болса — ол Мұхтар Омарханұлының еңбегі. Егер орысша



нұсқасы тек орыс емес, басқа халықтардың оқырмандарына түсінікті болса — ол сіздің еңбегіңіз. Себебі, әр тіл өзінің заңдылығын сақтайды. Ал данқ мәселесіне келсек, Әуезов те, сіз де таласа алмайсыздар, ол басты мәселе емес. Басты мәселе сол — «Абай жолы» романы орыс тіліне аударылуы арқылы адамзаттың рухани қазынасына айналды. Сіздердің еңбектеріңіздің мәні де осында.

— Сен солай ойлайсың ба? — Леонид Сергеевич орнынан ұшып тұрды. — Мен мұндай бағаны сенен күтпеп едім.

Жағымнан ұрып жіберді де, құшақтап сүйді. Сәбен алғаш «енді төбелеседі» деп көзі алақандай болып, құшақтап сүйген соң «хе-хе-хе»-леп қуана күлді.

Әңгімемен ұзақ отырып қалыппыз. Бір кезде тысқа шықтық.

— Бауыржан, сен қай жерде тұрасың? — Совет армиясы орталық қонақ үйінде. — Жаксы, мен жеткізіп салайын.

Шофері бар екен десем, Леонид Сергеевич қалтадан кілтін алып, рульге отырды. «Мәскеуде көше толған машина әрі жол ережесі қатал,

қоймас, сендер жендер, әлдерің бар ғой, — деп бізге ұсынды.

— Ойбай, мұнының қалай? — Жо-жок,— дестік аузымызға басқа сөз түспей. «Ойпырмай, қайттық?» — деп кейбіреуіміздің көңілі босады. Қарсылық білдіргенімізге болмай, тамағын бізге бөліп берді.

— Мені кезек-кезек көтеріп жүресіңдер. — Оңсыз да көтереміз ғой, — дестік. Не керек, айтқанын екі еттедік. Кешкі тамағын да жемей бөліп берді. Екі-үш күннен соң қайтыс болды. Ол тағы мына оқиғаны айтқан еді.

— Түрме іші. Бір ағамыз қозғала алмай жатып қалды. Жиырма жігіт тиесілі нанымыздан сіріңкенің қорабындай көлемде нан бөліп беріп сырқатынан жаздық... — Қандай бауырмалдық десеңіші?! Мен осы ұлы дәстүрі үшін халқымды шексіз құрметтеп, сүйемін.

— Бауыржан, сыртыңнан сен туралы көп сөз естігенмен дәл бұлай екен деп ойлаған емес едім. Танысып-біліскенім үшін өте қуаныштымын.

— Ракмет, Леонид Сергеевич. — Ал енді мен қайтайын, кеш боп қалды. Ертең жексенбі, саған келемін. Үйіме ертіп барып қонақ етемін. Қалған әңгімені сонда жалғастырамыз.

Намазшам кезі еді. Машинасына дейін шығарып салдым. Ертеңіне түсте жетіп келді. Үйі Тверь бульварында екен. Ақ шашты, толықтау әйел есік ашты.

— Кімді ертіп келгенімді білесің бе? Бұл атакты Бауыржан Момышұлы. Есінде ме «Волоколамск тас жолы»? Көрсем деп армандап едің, енді көр.

— Сізбен танысып, диаларласқаным үшін өте қуаныштымын, — деп Әйелі жаны қалмай жатыр. Тез қимылдап, дастарқан жайды. Леонид Сергеевич өзі әзілқой, қалжыңбас кісі, әйеліне мені мақтап отыр. Сәбеннің дастарқанындағы әңгімелерді әзіл араластыра айтып берді. Әйелі күліп мәз. Анда-санда «осы рас па?» деп маған қарап қояды.

Кемінде үш сағат сөйлестік. Сөз кезегінде Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев туралы әңгімеледім. Леонид Сергеевич риза болғаны сондай әйеліне «жаз!» деп әлгі өленнің жолма-жол аудармасын қағазға түсірді.

Мағжанның келесі бір өленін аударған ем:

— Здорово сказано! Образно сказано! — деп Леонид Сергеевичтің көңілі босап қалды.

— Тағы қандай шығармасы бар?

Ақынмыздың тағы бір туындысын аударып ем, тізесін қолымен салып жіберіп, орнынан ұшып тұрды. Көзі шатынап, ары-бері жүрді. Маған бұрыла қарап, қолын шошайтты: «Бауыржан, мен бұрын жөнді түсінбей жүр екенмін. Сіздердің әдебиеттеріңіз бай, дәстүрі бар, іргелі әдебиет екен, — деді шаттана сөйлеп. — Жанағы ақын үшін алып қояйық».

Үшеуміз бокал соғыстырдық.

— Біздің қазақ ауыз әдебиетінде ақындық, философиялық, психологиялық бейнелер көп. Мұндай бейнелер басқа халықта жоқ деп айтуға аузым бармайды, бірақ бізде өте мол. Еркектің намысы, әйелдің намысы дегенді дастандарымыз айта білген. Мысалы, «Қыз Жібекті» алыңыз, — деп үзінділер айтып бердім.

— Бауыржан, бұлар рас па? Мүмкін сен ойдан шығарып отырған шығарсың?

— Рас. Қайта мен нашар аудармашымын, әлі де жеткізгіп айта алмай отырмын.

— Это здорово! Менінше, мұндай байлық ешкімде жоқ, — дегенге дейін барды. Қайтар кез де таңды.

— Кешіріңіз, Леонид Сергеевич, такси шақыртуға рұқсат етіңіз?

— Жок, өзім жеткізіп саламын. — Мен ешнәрсе дей алмадым. Машинасымен қонақ үйіме екелді. Содан мені өле-өлгенше жақсы көріп кетті. Алматыға келе қалса, іздеу сап әуре болатын.

Леонид Сергеевич Алматыға соңғы рет Мұхтар Әуезовтің ескерткішін ашқанда келді.

— Бауыржан, ты мне нужен, — деп телефон соғып, қонақ үйге шақырды.

— Вот что, твои пригласили, поэтому приехал. Ты будешь со мной. Если у тебя есть какое-то дело, отложи! Я раньше доверял Мухтару Омархановичу, теперь доверяю тебе.

— Леонид Сергеевич, вы в президиум пойдете. У вас машина есть. Я не уполномочен. Мне не удобно. Я буду бедным родственником. Мынаған жарбақтап не жок дейді ғой.

— Аха-ха-ха. Вот как?! — деп Леонид Сергеевич бар жан-дүниесімен селкілеп, рахаттана күлді. Біраз ойланып отырды да:

— Да, Мухтар Омарханович мне одно слово сказал, теперь понял, — деді. Мұханның не айтқанын айтпады. Менен көзін алмай:

— Я опытный, чем ты. Я с тобой буду обращаться не по-братски. А ты тоже обращайся не по-братски (*мұнысы менімен терезесі тең адамиа сөйлес дегені ғой*). Пусть побачит дураки, — деді украиншалап. — Давай пойдем.

— Обалы не керек, барлық жиналыста мені қасынан қалдырған жоқ. Президиумда екеуміз қатар отырамыз. Баукен селкілдей күлді.

— Леонид Сергеевичтің бір қызық мінезі есіме түскені, — деді күлкісін тыып. — Кешке банкет болды. Мархұм Кәмеш екеуміз залда отырмыз. Леонид Сергеевич президиумда жақта отыр. Бір кезде орнынан тұрып, мені іздеді.

Банкетті Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі басқарып отыр. Леонид Сергеевич қасыма келіп:

— Ой, ты, какой хороший парень, — деп мені құшақтады. Зал таң қалды.

— Мына қасындағы бикеш кім?

Кәмеш орнынан тұрып, өзін таныстырды. — Молодец, доченька, — деп бетінен сүйіп, президиумға барып отырды.

Ертесіне үйге шақырып, қонақ еттік. Бұл соңғы кездесуіміз екен.

Ол ешкімге тәуелді емес, өте әділ, өзіне-өзі сын көзбен қарайтын кісі еді. Денесі де, ақылы да ірі, адамгершілігі де ірі болатын. Әр жолыққан сайын жағымды әсер қалдыратын. Біреудің алдында өзін лайықты ұстайтын, қобалжуды білмейтін.

Леонид Сергеевич болмағанда «Абай жолы» жер жүзіне тарамас еді. «Мұхтар Омарханұлына борыштармын» деді ғой. Оның адамгершілік бір қасиетін осыдан-ақ көруге болады. Ол қазақ совет әдебиетінің үлкен досы еді. Солай болып қалады да.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, бауыржантанушы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA

www.jasqazaq.kz



Алматы қаласында, Зағип және нашар көретін азаматтарға

арналған республикалық кітапханада 14–20 желтоқсан күндері дойбыдан қазақтың тұңғыш спорт шебері Бақ Иманалиевтің құрметіне арналған турнир болып өтті. Жарыстың негізгі мақсаты – жастарды спортқа баулу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қазіргі заман талаптары болып табылатын бәсекелестікке бейімдеу, қоғамда инклюзияны дамыту.

қатысушылардың ең үлкені 74, ал ең кішісі 7 жаста. Өйткені дойбы – жас талғамайтын интеллектуалды ойын.

Салтанатты жиында қызықты әрі қатан бәсекелестік жағдайында өткен доданың қорытындысын Азия дойбы конфедерациясының вице-президенті,



— ересектер арасында, әйелдер: I орын — Әнел Дәулетова (Алматы), II орын — Айбике Берік (Жамбыл облысы), III орын — Малика Мұқаева (Қарағанды обл.);
— Ерлер арасында: I орын — Нұрсат Тастеев (Алматы), II орын — Ислам Нәби (Алматы), III орын — Мұрат Құрманбеков (Алматы).

Бұл еске алу турнирі, Бақ Қуанышбайұлы өмірден озғаннан бері, биылғы жылы 12–ші рет республика көлемінде өткізіліп отыр.

Спорттағы, оның ішінде үстел үсті интеллектуалды ойыны — дойбы спортының республика деңгейінде дамуы жолында атқарған еңбектерін бағалап, қоғамның дамуына қосқан елеулі үлестері

және әлеуметтік әріптестікті дамыту жолындағы жемісті еңбектері үшін, байрақты бәсекені ұйымдастырған «Қазақстан дойбы федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласындағы филиалының директоры Захра Маханованы, «Қазақстан зағип спортшылар одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Геннадий Никифоровты, дене мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Алматы» клубының жаттықтырушысы Марат Құрманбековті, «Алматы қалалық дойбы федерациясы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Амангелді Сәрсенбаевты және турнирді ұйымдастыруға атсалысқан Бағым Иманалиев пен Ислам Нәбиді «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ «Құрмет грамотасы» және «Еңбек данқы» төсбелгісімен марапатталды.

Алдағы уақытта инклюзияны қолға алып, осындай ауқымды ойындарды жиі өткізіміз деген үміттеміз.

Захра МАХАНОВА,
Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана қызметкері

М.Әуезов атындағы ұлттық академиялық театрдың актері, Көген ауданының құрметті азаматы Омар Қыйқымовтың «Ертенгі күннен жақын жоқ...» деп аталатын кітабы жарық көріп, оқырманға жол тартты.

«Көзімді ілсем, түс көрем, тау көремін...»



Әкемтеатрдың сахнасында тұрақты түрде қойылып келе жатқан түрік драматургі Түнжер Жүженоғлының «Көшкін» шығармасы Омар Қыйқымовтың тәржімалауымен сахналанып жүр. Оқырман бұл туындыны осы кітаптан таба алады. Сонымен қатар Н.Гогольдің «Үйленуін» де қазақша сөйлеткен — Омар Жұмабекұлы.

Қолымызға тиген жана кітап төрт тарауға жіктеліпті.

Әкемтеатрда түбті мұрты тебіндеген, яғни театр институтын тәмамдай сала жұмысқа орналасып, табан аудармай қалтқысыз қызмет еткен жылдары баяндалады.

Алғашқы тарауында өзінің жүрегінен құйылған өлеңдері топтастырылса, екінші тарауында кешегі өткен Серке Қожамқұлов, Қапан Балдырғардың көзін көріп, шекпенінен ұстау бақыты бұйырған санаулы ұрпақтың парызы есебіндегі туындылары бар. Қазақ театрының майталмандары мен замандастарына арнап жазған жырлары да жұп-жұмыр. Әртістер арасындағы, қалжыңға қарай құлаған сәттерді баяндайтын достық әзілдерді де репетін келтіре қосыпты. Кәсіби мамандығы актер Омар Жұмабекұлының терме, толғау, поэма жазатынын актерлер қауымы жете білгенімен, қалың оқырман етене таныс емес. Осыны ескеріп, өлеңдерінен сырт бірнеше поэма, толғау, дастандарын да жариялапты.

«Жаксы кітап — жан азығы». Әкемтеатрдың сахнасында жарты ғасырға жуық еңбек етіп келе жатқан актер Қыйқымов Омардың «Ертенгі күннен жақын жоқ...» кітабы ғұмырналалық хикая деуге де болатындай.

Қуаныш РАХМЕТ

ӘАМ
ЧЕМПИОНАТЫ -
2022



Қатардағы қас-қағым сәт



Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұртұл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №2005;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq gazetі «Karaavan», «Xoroshie novosti plus» және KOK TENGRI дүңсірішкітерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.